сот жүйесін одан әрі дамыту бүгінгі күннің ең басты талабы болып табылады. Азаматтық қоғам құрып жатқан Қазақстанның сот жүйесіндегі өзекті мәселелерін шешу жолдары Қазақстан Республикасы Судьялар одағының V- съезінде талқыланды. Ендігі міндет-сот жүйесіндегі кемшіліктерді түзеп, судьялардың біліктілігін арттыруға бағытталуы тиіс. Алқалы жиынды ашқан Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы елімізде сот билігі үшін көп нәрсе жасалып жатқанын, алайда соған қарамастан, сот жүйесінде шешімін таппаған мәселе көп екенін қадап айтты. Біріншіден, судьялық корпусқа өз ісіне атүсті қарайтын адамдардың жүруі болса, екінші мәселе - жекелеген судьялардың кәсіптік деңгейінің жеткіліксіздігі мен моральдық-этикалық бейнесінің қалыптасуында жатыр. Елбасы сонымен қатар, сот саласына кір келтіріп отырған тағы бірнеше мәселені атап өтті. Оның бірі қолданыстағы заңдардағы кемшіліктер мен олқылықтар болса, екіншісі сот өндірісі процесін жетілдірудің жеткіліксіздігі. Тағы бір мәселе ретінде Президент қабылдаған шешімдердің орындалу дәрежесі мен сапасына қатысты болды. «Сондай-ақ бүгінгі таңда сот шешімдерінің орындалу сапасы да көңіл көншітпейді. Сондықтан Сот әкімшілігі жөніндегі комитетті Жоғарғы Сот құзырынан шығарып, өзін жеке орган ретінде құру керек шығар», -деді елбасы. Осылай деген ол, Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке енші беріп, жеке шығару мәселесін қарауды ұсынды. Алқалы жиында Елбасы көтерген тағы бір мәселе – сот төрағаларын жиі ауыстырып отыру туралы, яғни ротация жайлы болды. «Сот төрағаларын жиі ауыстырып отыру тәртібін

енгізу қажет. Олар бес жыл бойы бір жерде отырмауы керек. Сот төрағасын екі жылда бір рет ауыстыру қажет. Бұл судьялардың біліктілігін шыңдауға таптырмайтын тәсіл. Өйткені біздің мақсатымыз адал, әділетті, ұжданды, ең бастысы, арын ақшаға сатпайтын сот билігінің болуы», - деді Президент. Президент жиында судьялық қызметке орналасу үшін үміткерлердің жас мөлшерінің шегін көтеру қажет деп санайтынын мәлімдеді. Сонымен қатар, мамандарға қатысты көп жұмыстар жүргізу керектігін айтты. Сондай-ақ, мемлекет басшысы судья қызметіне тағайындайтын үміткерді анықтауда құпия дауыс беру принципін енгізуді ұсынды. Президенттің пайымдауынша, судьялық қызметке үміткерлерді айқындауда құпия дауыс беруді енгізуге болады. «Судья бүтіндей бір халықтың ар-ожданы», - деді ол. Қазақстан Республикасы судьяларының V- съезінде көтерілген мәселелер мұнымен шектелмейді. Президент сондай-ақ, судьялардың санын арттыру және сот шешіміне сырттан ықпал ету мен рейдерлікті жою үшін заңнаманы жетілдіре түсу қажеттігін атады. Инновациялық технологияларды қолдану арқылы сот өндірісін жетілдіру қажеттілігі де назардан тыс қалмады [4, 16].

Қазіргі таңда судьялардың әлеуметтік құқықтық қорғалу жағдайлары жақсара түсуде. Биылғы алқалы жиынға республиканың барлық аймақтарынан 640 делегат қатысты. Шетелдерден шақырылған қонақтардың ішінде Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Әзірбайжан, Грузия, Франция елдерінің Жоғарғы сот төрағалары мен олардың орынбасарлары, сондай-ақ, Судьялардың халықаралық қауымдастығының президенті Хосе Мария Банто Компани бар. Қазақстан Республикасы судьяларының V-съезі өзіне дейінгі өткен съездердің заңды жалғасы десек болады. Өйткені, олардың қай-қайсысында да еліміздегі дербес сот жүйесінің одан әрі барынша дамып, алдағы уақытта оны реформалауда оң табыстарға қол жеткізудің бірден-бір жолдары көрсетілетіні анық. Ендігі кезекте республикадағы сот құрылымының іс жүргізуін, оны оңтайландыру арқылы тиімділігін арттыру басты мәселеге айналды [5, 16].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты халыққа Жолдауында, - «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізген жағдайда мұны істеу қиын емес. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет. Сот билігінің беделі орындалмаған сот шешімдерінен төмендейді. Осыған байланысты, бұл жағдайды түбегейлі өзгерту жөніндегі шаралар қабылдануға тиіс», деген болатын [6, 16].

Сот органдарын реформалаудың бірі, жеке тұлғаның өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жиірек жүгінуіне жағдай жасау болып табылады. Ол үшін, жеке тұлғаның сот органымен өзара тығыз байланысты төмендегіше үш элементті біріктіру қажет, - деп ойлаймын:

Біріншіден, заң негізінде құрылған және тәуелсіздік пен бейтараптылық критерийлеріне сәйкес келетін соттың болуы қажет;

Екіншіден, даудың немесе айыптаудың барлық тұстары бойынша шешім қабылдау үшін соттың кең өкілеттілігі болуы керек;

Үшіншіден, жеке тұлғаның сотқа еркін қол жеткізу құқығы болуы қажет, деп ойлаймын.

Қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстанның сот жүйесі халықаралық құқықтық мемлекеттердің стандартына сай даму үстінде. Сол себептен, осы уақытқа дейінгі қол жеткен нәтижелерге қарамастан, заңдарға енгізіліп жатқан жаңа өзгерістерге сәйкес сот жүйесін одан әрі қоғамның сұранысына сай реформалап отыру қажет, - деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1

1. Қазақстан Республикасының 30.08.1995 жылғы Конституциясы (Қазақстан Республикасы Парламентінің 1996 ж., №4,217-құжат), Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазандағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Парламентінің 1998 ж., №20,245-құжат), Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Парламентінің 2007 ж., №10, 68-құжат). –Астана: «Елорда» баспасы, 2009.

2. Бейсенбі, 30 тамыз, 2012 ж. «Конституция – еркін адамдардың ерікті таңдауы». «Егемен Қазақстан» газеті. Б.Бекназаров, Жоғарғы Сот Төрағасы.

3. Сәрсенбі, 22 тамыз, 2012 ж. «Ел дамуының кепілі». газеті «Егемен Қазақстан» газеті.

М.СМАҒҰЛОВ, Атырау облыстық сотының төрағасы.

4. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒЫРТУ -ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

5. Жұма, 21 қыркүйек, 2012 ж. «Ізгілендіру жолындағы ізденістер». «Егемен Қазақстан» газеті

НЕКОТОРЫЕ ФАКТОРЫ, СПОСОБСТВУЮЩИЕ СОВЕРШЕНИЮ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С МОНОПОЛИСТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ

Копбаева Л.Ш. – к.ю.н., ст. преподаватель кафедры теории государства и права, конституционного права КазНПУ им. Абая

Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында қылмыстық құқық саласындағы монополистік қызметпен байланысты қылмыстардың жасалуына ықпал ететін мән-жайларды анықтау сияқты маңызды мәселелер туралы баяндалады

Summary

This article raises important issues for the Republic of Kazakhstan in the sphere of criminal law, and in particular to the identification of factors that contribute to the perpetration of crimes related to monopolistic activities

Поскольку проблема причинности, в целом, есть одна из ключевых проблем большинства общественных наук и криминологии, в том числе, постольку важно помнить, что теоретическое разрешение этой проблемы зависит от того, какие философские взгляды исповедует ученый.

Самобытность определения **детерминант преступности** видным криминологом Е.И. Каиржановым состоит в том, что оно основывается на теории противоречий. Преступление, по его мнению, является результатом разрешения противоречия между интересом индивида и интересами общества, противоправным общественно опасным способом, который оказывается более простым и удобным решением для данного субъекта. Советские криминологи выделяли антагонистические и неантагонистические противоречия и считали, что при отсутствии антагонистических противоречий можно преодолеть, переориентировать отсталые пережиточные взгляды [1].

Существует множество теорий, объясняющих причины существования преступности в обществе. В мире происходит определенная эволюция криминогенных факторов, как социально – экономических, так и социально – культурных. К числу первых относятся общая тенденция неравномерного распределения ресурсов, доходов и богатства; прогрессирующее обострение проблемы бедности. Важно понять, в какую сторону меняются поведенческие нормы, осознать механизмы закрепления тех норм, которые отражают общечеловеческие ценности. Это не только дает возможность осознать социальность поведенческих норм, но и помогает искать возможности целенаправленного влияния на развитие и установление поведенческих принципов. К последним относятся развитость личности, культуры межличностных отношений, уровень культуры социальной среды.

В криминологии разработаны следующие общепринятые понятия:

Причины преступности – это социально-психологические детерминанты, которые непосредственно поражают и воспроизводят преступность и преступления как свое закономерное следствие.

Условия преступности – это комплекс явлений, которые сами по себе не могут породить преступность, но служат определенными обстоятельствами, способствующими ее возникновению и существованию.

Условия преступности подразделяются на *три основные группы*:

Сопутствующие – образуют общий фон событий и явлений, обстоятельства места и времени;

Необходимые – без таких условий событие могло бы не наступить;

Достаточные – совокупность всех необходимых условий.

Все виды взаимосвязи явлений принято называть *детерминизмом*. В этом смысле причинность

понимается как одна из разновидностей детерминации. Сама по себе причинность не исчерпывает всех разновидностей взаимосвязи явлений природы и общества. К таким *разновидностям* относятся:

Временная связь, отражающая действия явления или процесса по принципу «раньше-позже». Такая взаимосвязь отличается разнообразием. Так, преступному действию как уже совершившемуся факту (следствию) предшествует ряд временных этапов: вынашивание замысла, выбор объекта посягательства, орудий совершения преступления, распределения ролей между соучастниками, принятие решение о начале преступных действий;

Связь в пространстве, выражающая распределение преступности на территории, распространенных тех или иных видов преступности в зависимости от социальных, географических, этнографических и других различий в отдельных регионах страны;

Связь состояний, определяющая опосредование одного состояния другим. В криминологии это выражается тем, что изменением состояния отдельных видов (категорий, групп) преступлений меняются состояние и структура всей преступности;

Функциональная связь, выражающая математическую зависимость двух величин – независимой переменной и функции. За изменением первой следует строго определенное изменение второй;

Корреляция – многофакторная связь в массовых системах, при которой изменения в одном ряду факторов в сторону возрастания или уменьшения вызывают изменения в другом ряду факторов. Количественно корреляция выражается в показателях тесноты (от 0 до 1).

В литературе высказывались предложения о выделении, наряду с понятием причины преступности, ее источников, под которым некоторые авторы понимают «комплекс таких объективных явлений, без устранения которых задача ликвидации преступности и иных антиобщественных явлений не может быть решена». И именно социальные противоречия чаще всего относят к таким источникам.

Преступность, как явление, кроется в недрах самого государства, так или иначе порождающего социальное неблагополучие. Последнее отражается в материальном неблагополучии в широком смысле слова, что обуславливает цепь негативных явлений в обществе, таких, как низкая мораль, нравственность, культура и т.д. Можно быть материально обеспеченным человеком, но если нет должного уровня сознания и культуры, то само по себе материальное благополучие превращается в фарс, пустое, никому ненужное отражение действительности. Отсюда следует незыблемое соединение материального благополучия в человеке (в обществе) наряду с неизменным ростом его (их), сознания, культуры может обеспечить из года в год сокращение преступности и вести к прогрессу государства и общества. При отпадении одного из ее элементов усилия общества и его органов власти не могут обеспечить успех.

Вот почему ныне незначительное повышение прожиточного минимума населения, наличие безработицы в Казахстане и многие другие факты сдерживают продвижение вперед. За последние годы в стране наблюдается рост преступности по сравнению с рождаемостью населения. Это угрожающий симптом и его непременно надо приостановить, что зависит не в последнюю очередь от представителей власть предержащих. Понимание преступности как социального явления, всеми своими корнями уходящего в недра общества, причин, ее отражающих, противоправность ее функционирования, личности тех, кого само общество превращает в преступников.

Немаловажную генетическую связь имеет экономическое отношение и преступность, хотя до недавнего времени официальная теория отрицала это. Прежде уточним признаки тех явлений общественной жизни, которые позволяют считать их причинами (факторами) преступности.

Во-первых, это должны быть явления, отражающие основные характерологические особенности экономической системы. Иными словами, они имманентны обществу, их действие может усиливаться или ослабляться в зависимости от эффективности экономической политики государства, но окончательно эти явления могут быть предопределены лишь в результате полного преобразования экономической системы.

Во-вторых, эти явления должны иметь достаточно широкое распространение, носить массовый характер, ибо в общественной жизни господствуют, как известно, статистические закономерности, основу которых составляют массовые явления.

В-третьих, эти явления должны выступать в качестве достаточно сильного и относительно постоянного мотивообразующего фактора, т.е. отражаться на определенных интересах личности и, в первую очередь, затрагивать экономические интересы людей» [2].

На самом деле, ни одна экономическая система не свободна от факторов, продуцирующих преступное поведение. Рыночное отношение не является исключением. Рыночная экономика основана на конкуренции, а конкуренция – это борьба, где возможно все, в том числе осуществление

монополистической деятельности.

Монополия – это ситуация на рынке, когда отсутствует конкуренция на стороне предложения, т.е. имеется только один продавец.

Монополизм возникает только там, где существует рынок, его истоки могут быть совершенно разнообразными: монополия может быть создана законодательно (например, табачная монополия), может иметь естественную основу (естественный монополизм), может быть результатом субъективного отношения покупателей либо создаваться коллективно, путем заключения соглашений, ограничивающих конкуренцию.

Наряду с естественной монополией, обусловленной ограниченностью факторов производства – особыми экономическими, природно-климатическими условиями, могут создаваться искусственные монополии. Об этом мы писали выше.

В настоящее время продолжается действие ряда **экономических факторов**, детерминирующих преступность, связанные с монополистической деятельностью:

- оказание заметного влияния таких факторов, как степень социально-экономической дифференциации и неравенства, приватизация, национализация, глобализация, миграция, а также недостаточная способность правоохранительных и финансово-экономических органов своевременно реагировать на изменения хозяйственных отношений;

- высокие темпы изменения хозяйственных отношений и мобильность хозяйствующих субъектов, с точки зрения осуществления операций, открытия счетов, осуществления экспортно-импортных операций, опережают развитие действующих норм, которые требуют больших затрат времени на обеспечение необходимых процедур по проведению дознания и предварительного следствия, сбору и оценке доказательств, иные многообразные экономические и политические факторы, которые следует включать в сложную объяснительную модель преступности в сфере экономической деятельности, имеющую важное теоретическое и практическое значение;

- кризис системы существовавших на протяжении многих лет ценностей, базовых моделей экономического и правового поведения, невозможность достижения подавляющим большинством населения страны официально декларируемых «новых» ценностей (и связанных с ними стандартов потребления) легальным путем;

- рекрутирование предпринимателей в заметной степени происходило и происходит из среды функционеров теневой экономики; в начале развития кооперативного движения в стране значительная часть преступных «авторитетов» устремилась в легальный бизнес, «отмыл» весьма крупные суммы;

- отсутствие у подавляющего большинства граждан навыков экономического поведения в условиях рыночных отношений, низкая осведомленность о процедурах совершения гражданско-правовых, хозяйственных сделок существенно повлияют на виктимность поведения в сфере экономических отношений;

- ограниченное развитие технологии. В таких отраслях, как энергетика, транспорт, связь, коммунальное хозяйство, сама технология допускает ограниченное число предприятий, занимающихся этими видами деятельности;

- значительное расширение производства отдельных хозяйствующих субъектов, их слияния (централизация) в корпорации и акционерные общества, что позволяет им завладеть преобладающей долей рынка продукта и потеснить конкурентов.

Показательным примером в этом отношении может служить образование по решению Правительства на базе геофизических предприятий республики единого акционерного общества, занимающегося производством работ и оказанием всех видов услуг в области геологического изучения, разработки и охраны недр [3];

- монопольное владение месторождениями исходного сырья, необходимого для производства той или иной продукции. Рынок с его конкуренцией, диверсификацией производства, экономической интеграцией и сбалансированной политикой государства сдерживает монополизацию.

Среди наиболее значимых можно выделить следующие криминогенные **психологические факторы** преступности в сфере антиконкурентной деятельности, действующие на социальном уровне:

- низкий уровень солидарности субъектов экономической деятельности с уголовно-правовыми запретами в отношении анализируемого нами общественно-опасного деяния, хотя этот же показатель среди обычного населения, не являющегося субъектами конкурентных отношений,

- низкий субъективно воспринимаемый риск разоблачения;

- отсутствие сложившейся этики бизнеса;

- чрезвычайно широкое заимствование относительно широким кругом предпринимателей элементов криминальной субкультуры;
- негативные изменения в социальной структуре общества, характеризующиеся прогрессирующей социальной поляризацией;
- заметное снижение трудовой мотивации значительной части населения.

Криминогенным **правовым фактором** является фактор дефектности профессионального сознания сотрудников правоохранительных органов, осуществляющих борьбу с преступлениями данного рода. К ним относятся:

- недостаточно полных и четких представлений о признаках расследуемого преступления;
- недостатка навыков сравнительно-правового анализа норм различных отраслей законодательства, составляющих бланкетное содержание уголовно-правовой нормы об ответственности по ст. 178 УК РФ (ст. 196 УК РК);
- нежелания «возиться» малозначительными преступлениями;
- неверия в результативность борьбы с преступлениями;
- психологической неготовности к партнерским взаимоотношениям с представителями других правоохранительных органов;
- повышенной готовности к нарушению закона ради достижения цели привлечения виновного к уголовной ответственности;
- недостаток психологических навыков расследования (раскрытия) преступлений в условиях давления со стороны вышестоящих должностных лиц;
- иные дефекты профессиональной психологии.

К **организационным факторам**, способствующим росту преступности в сфере антиконкурентной деятельности относятся:

- очень низкий уровень реальной раскрываемости;
- низкий и, кроме того, имеющий тенденцию к дальнейшему снижению уровень профессионализма сотрудников, в компетенцию которых входит раскрытие преступлений, предусмотренных ст. 178 УК РФ (ст. 196 УК РК);
- имеющиеся противоречия в разграничении компетенции различных подразделений полиции, антимонопольных органов, судов;
- отсутствие до сих пор эффективной системы оценки состояния преступности в данной сфере [4];
- отсутствие адекватной, потребностям практики, системы подготовки специалистов по борьбе с данными преступлениями.

В совокупности эти факторы и объясняют причину сохранения этого вида экономического преступления.

Список литературы:

1. Чукмаитов Д.С. О некоторых актуальных проблемах криминологии на современном этапе // Материалы Международной научно-теоретической конференции «Современные проблемы борьбы с преступностью», посвященной 70 – летнему юбилею профессора Каиржанова Елегена Изтлеуовича. – Алматы, 2003. – 586с.
2. Криминология // Отв. ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Норма-К, 2004. – 336с.
3. Постановление Правительства РК от 28 октября 1995 года. -№1395. «Вопросы реорганизации государственных холдинговых и акционерных компаний» // САПП. - 1995. – №33.
4. Улезько А.Ю. Уголовная ответственность за недопущение, ограничение или устранение конкуренции: дис. ... к.ю.н. – Кисловодск, 2004. – 191с.

ҰЛТШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ОҒАН ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Өміржанов Е.Т. - Сулейман Демирел атындағы университеттің Құқықтану кафедрасының меңгерушісі з.ғ.к., доцент

Резюме

В данной статье автор попытается анализировать сущность национализма и его значение для самосохранения нации. Так же, автор описывает положительные и отрицательные факторы, влияющие на развитие национализма.

Summary

In this article the author tried to analyze meaning of nationalism and its importance for self-preservation of nation. Also, the author describes the positive and negative factors, influencing development of nationalism.

Ұлтшылдық жайлы мәселе тәуелсіздік алған уақыттан бері қаншама рет көтеріліп, оның жағымды және жағымсыз тұстары турасында көптеген мақалалар мен ойтолғамдар жазылса да осы мәселеге қатысты жайлар әлі де болса талдауды талап етуде. Жалпы, ұлтшылдықтың адамзат баласы ұлтқа бөліне бастаған уақыттан бері барлық ұлт өкілдері арасында өзін-өзі сүйу мен құрметтеу турасында кең таралған рухани қасиет екендігі ақиқат.

Тарихи даму үрдісінде бір ұлттың екінші бір ұлтты жаулап алып өзіне бағындыруы, бір аумақта өмір сүруші ұлттардың өзара кірігуі сол ұлттардың арасында ұлтшылдық сезімдерінің өрбіп, дамуына ықпал етіп отырғаны белгілі. Сондай-ақ нақты ұлттың тарихтың әртүрлі кезеңдерінде бастан кешірген қилы тағдыры сол халыққа тән ұлтшылдықтың да сипатын айқындап бере алады. Осы тұрғыдан алып қарағанда әртүрлі жағдайларды бастан кешірген қазақ ұлтының ұлтшылдығын ұлттың басынан өткерген тарихи жағдайларға байланысты, қазақтар арасындағы ұлтшылдықтың орын алу сипаты мен мүдделік бағытына қарай үш түрлі сипатта бөліп қарастыра аламыз. Бұл ең алдымен Ресей бодандығы кезеңіндегі ұлтшылдық, екіншіден тәуелсіздікті алғаш алған кезеңдегі ұлтшылдық, үшіншіден, тәуелсіздікті орнықтырған соңғы уақыттағы нео-ұлтшылдық.

Ресей бодандығындағы кезеңде қазақ ұлттық сипатын сақтап қалып, азаттықты алуды басты мақсат етті, елін ұзақ уақыт бойы басып-жаншып отырған басқыншылардың тырнағынан құтылудың жолын іздестіруде, әртүрлі көтерілістер мен бас көтерулерде халық бірігіп, тұтас күш ретінде жұмыла күреске шықты. Мұндағы «тәуелсіздік жолындағы күрес» ұғымы ұлтшылдықтың жойылмай, қаншама басып-жаншулардан соң орайы келгенде қайта жандануына септігін тигізіп отырды. Ғасырларға созылған отаршылық саясатының қазан төңкерісінен соң Ресейдегі мемлекет нысаны өзгеріске ұшырағанымен жалғасын табуы 20-шы ғасырдың басындағы ұлтшылдардың биік шоғырын өмірге әкелді, бұл өз кезегінде халық арасында ұлтшылдық көзқарастардың кең етек алуына алып келді. Бұдан қауіптенген кеңестік билік репрессия арқылы ұлт жанашырларының, көзі ашық азаматтардың көзі жойғанымен ұзақ уақытқы үнсіздіктен соң 90-шы жылдардағы саяси жағдай ұлтшылдардың қайта бой көрсетуіне ықпал етті. Осылайша, басқыншылыққа қарсы күрес, ұлттың ұлт ретінде сақталу мүддесі қазақ халқының бойындағы ұлтшылдықтың бір сәтке де бәсеңдемеуіне әсер етіп отырды.

Ал тәуелсіздік алған уақытта қазақ ұлтшылдары ұзақ уақыттан соң қолы жеткен тәуелсіздікті баянды етудің жолын қарастырды, тәуелсіздікті қолға тигізгенімен өз елінде азшылық қалпында қалған қазақ ұлты үшін оны ұстап қалу ең басты мақсат болды. Сондықтан, ұлтшылдық «тәуелсіздіктің баянды болуы» лозунғысына бағытталды. Тәуелсіздік жылдарында ұлтшылдардың басты мақсаты жаңа құрылған мемлекеттің ұлттық бет-бейнесін айқындап, оған қазақ ұлтының сипатын беру болды. Яғни, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, ұлттық ділді қайта жаңғырту, ата-бабадан келе жатқан ислам дінінің халық арасында кең қолдауға ие болуына жағдай жасау, ұлттық заңнаманы қазақ ұлтының ұлттық ерекшеліктеріне сай жасақтау, жалпы қазақстандықтарға қазақ ұлтының мүддесі шегінде ортақ ұлттық идеология жасау, шет елдермен қатынаста мемлекет мүддесінің барынша қорғалуы, ұлттың өніп-өсуіне кедергі келтіретін факторларды жою, шеттен қандастарды елге көптеп қайтарып, олардың жергілікті жерге бейімделуін қамтамасыз ету және т.б. мәселелерді көтеріп, сол бағытта жұмыс жасады.

Осы тұста тәуелсіздік жылдарындағы ұлтшылдық тарихына тоқталу артықтық етпейді деген пікірдеміз. Қазақтың дербес ел болып, тәуелсіздігін алуына өзіндік үлес қосқан Ж.Бабалықұлы, С.Ақатай, Х.Қожахмет, Б.Дәрімбет және т.б. көзі қарақты ұлтшыл азаматтар азаматтық «Азат» қозғалысын құрып, ұлттың жоғалғанын қайта жаңғыртуды, елдегі мемлекеттілік пен құқықтық жүйені қазақтың мүддесіне сай жасақтауды ұсынған уақыттарда сол кездегі қазақ қоғамында ұлтшылдықты теріске шығарып, Лениндік түсіндірме бойынша оны тек жаман сипатта көрсету үрдісі белең алды. Ұлтшылдықты терістеу арқылы қазақтардың сол кездегі елдегі жағдайды ескере отырып өзге ұлттармен кірігуін насихаттайтын идеялар да алға тартылды. Мемлекеттегі қазақтардың автохтонды ұлт ретіндегі ролін мойындамай, керісінше, саясатты көпұлтты қазақстандық халық бағытында өрбітіп, қазақ тілінің үстемдік құруын болдырмауды ұсынатын ойлардың бірі Н. Масанов тарапынан ұсынылған болатын, «Все с неумолимой

неизбежностью ведет нас лишь к одной единственной альтернативе этой политики, самоубийственной прежде всего для малочисленного казахского этноса. Это единственное – спасительная политика компромисса, равенства и свободы всех этносов в рамках специфически казахстанского государства. Девизом такого нового демократического патриотического движения мира и согласия всех этносов Казахстана может быть лозунг «Одна земля, одно государство, одна судьба. Единая объединенная нация». Так или иначе, оправданный и по-человечески понятный в постколониальный период жесткий курс на построение этнического государства в новых изменившихся условиях должен быть откорректирован. Особенно это касается более полных и законодательно обеспеченных языковых гарантий и гражданских прав русскоязычного большинства Казахстана» [1, 2 бет].

Ресей мен Қазақстанның экономикалық одақ құрып, конфедерацияға бірігуі жайлы идеяның негізін қалаушы, акын О. Сүлейменов те 90-ы жылдардағы қазақ ұлтшылдарының идеялық ұстанымдарын шовинизмге балап, ол турасында келесідей пікір білдірген болатын, «Шовинизм – это всегда проявление невежества. Я пером боролся с могучим российско-государственным шовинизмом на протяжении 30 лет своей писательской деятельности. Нарождающийся казахский шовинизм считаю не менее опасным прежде всего для казахов, ибо он провоцирует шовинизм других наций. Нам надо искать новых друзей, не теряя старых. А у Казахстана много истинных друзей в России. Мы еще не использовали этот мощный потенциал дружбы. К этому призываю и еще раз напоминаю – там, где побеждают национал-радикалы, проигрывает народ» [3, 2 бет]. Осылайша, ұлтшылдыққа қарсы майдан өршіп, елдегі саяси билік ұлтшылдықтан бойын аулақ салып, мемлекеттегі негізгі орындарға либералдық ұстанымдағы тұлғалар келді. Бұл өз кезегінде ұлттық мүдде мен мемлекеттік мүдденің алшақтап, қоғам мен биліктің арасының ажыратылуына әсерін тигізді.

Қазақстан тәуелсіз ел ретінде әлемге танылып, өз мемлекеттік шекараларын айқындап, экономикалық жағынан дамудың жаңа бағытын айқындап алған кезде ұлтшылдықтың қайта жандануына жаңа мәселелер негіз болуда. Ұлтшылдықтың жаңа қарқынмен өршуіне қазақ ұлтының жанашырлары арасындағы тәуелсіздіктің баяндылығы жайлы ойлар әсер етуде. Ұлтшылдар интеграциялану арқылы тәуелсіздікті қайта жоғалтпауды алға тартуда, мұны өз кезегінде жаңа жағдайларға бейімделген, жан-жақты, байыпты нео-ұлтшылдық деп айтуға болады. Нео-ұлтшылдар елімізде қалыптасқан жағдайды жіті бағамдап, өз позициясын айқын ұстап, биліктің ұлтшылдар ұсынған идеялармен қарулануын басты мақсат етуде. Нео-ұлтшылдықтың басты ерекшелігі оның өз мемлекетіне қандай да бір зияны тиюі мүмкін іс-әрекеттерден саналы түрде бас тартып, халықты көтеріліс немесе бас көтеруге шақырмауында. Керісінше, билікпен диалог құру арқылы, оның ұлттық мәселелерге көңіл аударуын, жағдайды ушықтырмауын талап етуінде. Нео-ұлтшылдықтың басты ұраны «қазақ елінің тәуелсіздігін сақтап қалу» болып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, қазіргі ұлтшылдар үшін басты мақсат Кедендік Одақ пен Еуразиялық Одаққа қосылудан билікті бас тартуға үгіттеу, осы одақтардың тиімсіздігіне қоғам мен биліктің көзін жеткізу болып табылады. Бұл мәселедегі басты аргумент – күшті мемлекет пен әлсіз мемлекеттің өзара тең одақ құра алмайтындығы, бастапқыда конфедерация ретінде құрылған одақтың уақыт өте келе, нақты орын алған жағдайларға байланысты күшті мемлекетке біріккен федерация кейпіне ену қаупі.

Енді ұлтшылдықтың мәніне үңілер болсақ, жеке адамның ұлтшылдығын, оның өз жеке мүддесінен ұлттық мүддені жоғары қоя білуі деп түсінуге болады. Яғни, қандай дәрежедегі адам болмасын, өз өмірін, өз жеке бас мүддесін, өзіне қатысты барлық нәрсені ұлт жолына құрбан ете білуі. Бүгінгі күнгі көзбен қарағанда адамның атақ пен лауазымды, бизнес пен байлықты ұлт мүддесі жолында құрбан етіп, кезі келгенде ұлтқа қатысты жасалынып жатқан қысастықтарды ашық сынға алып, өз ұстанымында қала білуі. Ұлтшылдықтың жарқын көрінісі - адамның өз тұлғалық қасиетін сақтай отырып ұлт мүддесі жолында ешкімнен де тайсалмай, жеке басына ұпай жинауды, орын алған жағдайды өз пайдасына шешуді көздемей әрекет етуі. Әрине, адамды осыншалық дәрежеде ұлтын сүйетін халге жеткізу оңай шаруа емес, ол үшін үлкен идеологиялық күрес жүргізіліп, сол майданда жүрген адамдардың іс-әрекеті арқылы тірі мысал келтірілуі тиіс. Қазіргі кезде Қазақстандағы ұлтшылдық қазақтардың мүддесіне негізделген ұлттық идеологияға өзге ұлттардың мүдделерін кіріктіру арқылы ғана жүзеге асырыла алады. Олай дейтін себебіміз, ұлтшылдықтың оң сипатта дамуына мемлекетте нық орын алған ұлттық идеология әсер ете алады, ол идеология қазақ мүддесіне сай жасалса, өзге ұлттардың да сол идеологияға негізделуіне жағдай туады.

Ұлтшылдық туралы сөз қозғағанда патриотизмге тоқталмай өту мүмкін емес, патриотизм мен ұлтшылдық бір-бірін толықтырушы ұғымдар, патриотизм елді, мемлекетті сүюге үндесе, ұлтшылдық нақты бір ұлтты сүю арқылы мемлекетке қорған болуды насихаттайды. Патриотизм мемлекет өмірінің барлық кезеңдерінде насихатталатындығымен ерекшеленеді, ал ұлтшылдық болса тарихи дамудың кей

кезеңдерінде көлеңкеде қалуы мүмкін. Сонымен қатар, жаулап алушы ұлттар патриотизмге барынша мән беріп, тек үстем ұлттың ұлтшылдығының бүркемелене дамуына жол беріп, бұратана халықтардың ұлтшылдығын жаншып-жойып отырады.

Жоғарыда айтылғандар негізінде ұлтшылдықтың өріс алуына мемлекет арқылы қалыптастырылған ұлттық идеологияның болмауы да тоқтау сала алмайтындығына көз жеткіземіз, оған ұлт үшін маңызы зор мәселелерге қатысты арман-мұраттар мен көзқарастардың, идеялардың тікелей әсер ете алатындығын көре аламыз, ең бастысы ұлтшылдық сезімінің тез арада жандануына нақты орын алған оқиғаның өзі жеткілікті болары сөзсіз. Тағы бір мән беретін жағдай, ұлтшылдықтың кең өріс алуына ұлттың өзін-өзі сақтауға деген талпынысы, тәуелсіздік алуға ұмтылысы немесе тәуелсіздіктен айрылып қалу қаупі тікелей әсер ете алады. Дегенмен, ұлтшылдықтың мемлекеттегі биліктен бастау алуы, мемлекеттің ұлттық мүдде мен мемлекет мүддесін астастыра білуі, ұлттық мүддеге негізделген ұлттық идеология қалыптастыруы оң ұлтшылдықтың дамуына үлкен ықпал етері сөзсіз.

Ұлтшылдық адам психологиясына тәуелді құбылыс болғандықтан оның әртүрлі бағытта даму мүмкіншілігі бар, мемлекеттің ұстанатын саясатына, саяси лидердің ұлтқа байланысты ұстанымдарына және т.б. факторлаға сәйкес ұлтшылдық оң бағытта не теріс бағытта өріс алуы мүмкін. Ұлтшылдықтың теріс бағытта өріс алуы оның нацизмге, фашизмге, шовинизмге, ұлтшыл-экстремизмге ұласуына жол ашуы мүмкін. Сол себепті ұлтшылдықты насихаттауда өзге ұлтқа өшпенділікті, жек көрушілікті, ұлттың өзгелерден артықшылығын және т.б. дәріптеуге болмайды.

Қоғамдағы ұлтшылдық жоғары деңгейге көтерілгенде ол туыстас халықтарға деген оң көзқарастар мен туыстас халықтар бірлігі идеясына ұласады. 20-шы ғасыр басындағы М.Шоқайдың Үлкен Түркістан идеясы, ғасыр соңындағы «Азат» қозғалысы қайраткерлерінің «Түркі тілдес халықтардың бірлігі» идеясы осыған мысал бола алады. Қазіргі кезде де қазақ ұлтшылдары Орта Азиялық Одақ идеясының қолдаушылары болып табылатындығы баршаға аян.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ұлтшылдыққа қарсы идеологиялық шабуылдың нәтижесінде ұлтжандылық сөзі қолданысқа енгізілді, көптеген авторлар ұлтжандылықты ұлтшылдықтан бөліп алып, оны жағымды сипаттап, ал ұлтшылдықты теріске шығарды. Ал, шындығында ұлтжандылық, ұлтшылдықтың бәсең сипаты, пассивті ұлтшылдық. С.Ақатайдың сөзімен айтқанда, «ұлтжандылық - түптеп келгенде қос жастықты шынтаққа басып қойып, қаймақ қатқан қарсақ жон күрең шайды сораптап ішіп, сары самаурынның жанында бәйбішесі мен бала-шағасының ортасын ойып отырып, ұлт туралы, қазақ халқының арман-мүддесі туралы сөз бастауға әлде сәнді бөтелке толған дастархан басындағы бейпіл әңгімеге саяды, ұлт үшін аса керек насихат, уағыз ешкімнің басын ауыртпайтын күңкілге айналады. Саяси әрекетпен астаспаған, өзінің ұлты үшін, елі мен жері үшін, бала-шағасы үшін ешқашан саяси әрекетке бастамаған адам ұлтжандылық сипатта ғана қалады» [5, 8 бет].

Ұлтшылдықты оның адам санасындағы деңгейлік сипатына қарай үш деңгейге бөліп қарастыруға болады, бәсең ұлтшылдық, орта деңгейдегі ұлтшылдық және жоғарғы дәрежедегі шынайы ұлтшылдық. Бәсең ұлтшылдық деңгейінде адам ұлттық мүдде жолында ешқандай әрекетке бармайды, ұлтқа қатысты барлық нәрсені үстірт түсініп, тереңіне бойлай алмайды. Яғни, адамның нақты бір ұлттың мүшесі екендігін білуі, сол ұлттың ұлттық ерекшеліктерін бойына сіңіруі бірақ, ұлт үшін әрекет етуге құлшынысының болмауы.

Орта деңгейдегі ұлтшылдықта адам өзінің белгілі бір ұлт өкілі екендігін мойындап қана қоймай сол ұлттың ұлттық құндықтарын бойына сіңіреді, өзінің сол ұлттың өкілі екендігін мақтан тұтады. Егер ұлтқа қатысты нақты бір мәселе туындап жатса сол мәселенің өз ұлтының пайдасына шешілуін қалап, соған атсалысады. Кей кездері орта деңгейдегі ұлтшылдық адамның нақты бір жағдайларда үлкен ерлік жасауына, кейде тіпті қылмысқа баруына да негіз бола алады.

Жоғары деңгейдегі шынайы ұлтшылдық адамның өзін, өмірін ұлт жолына арнауы. Қандай да болмасын ұлтқа байланысты мәселеде ойланып, жан-жақты пікірлесіп соңғы шешімнің өз ұлтының мүддесіне қабылдануына ықпал етуі. Кез-келген мәселеде ұлт мүддесі үшін жеке мүддесін құрбандыққа шалып, керек десе жанын да беруге даяр болуы. Қазақта жоғарғы деңгейдегі шынайы ұлтшылдықтың көрсеткіші бола алған тұлғалар арғы тарихта көп болса да, кейінгі кезеңдердегі мысалдар аз. Сол аз тұлғалардың бірі және бірегейі Жағда Бабалықұлы деп айтуға болады, бүкіл өмірін ұлт болашағына арнаған, ұлт үшін атқарған қызметін бәлденіп, өзгелерден ешнәрсе талап етпеген бұл тұлғаны қанша мадақтаса да орынды деген пікірдемін.

Нақты бір ұлттың бойындағы ұлтшылдықтың өріс алып, оның оң бағытта дамуына көптеген факторлар өз әсерін тигізеді, әр халықтың ұлтшылдығы оның тарихи бастан кешіргендерімен тікелей байланысты болғандықтан біз қазақ ұлтшылдығына қатысты сөз қозғағымыз келеді. Ең алдымен қазақ

арасында ұлтшылдықтың дамуына оң ықпалын тигізетін факторларға тоқталуды жөн көрдік, нақты қазақ ұлтшылдығы үшін ең басты фактор мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын автохтонды ұлт мүддесі шеңберінде айқындап, жүзеге асыруын айтуға болады, сонда ғана қарапайым қазақ азаматы өзінің қазақ елінің азаматы екендігін сезініп, өз ұлтын мақтан тұта алады, бұл өз кезегінде адамның жеке бас мүддесін ортақ мүддеге бағыттауына әсер ете алады;

Екіншіден, мемлекет құраушы ұлттың ұлттық құндылықтарын (өнер, спорт, әдет-ғұрып, мәдениет, тарих, әдебиет, діл, дін, тіл) дәріптеу арқылы сол ұлттың өкілдерінің өзінің «менін» тануына ықпал жасау. Бұқаралық ақпарат құралдарының жалған ақапарат беру, асыра мадақтау, жалған тарихи мәліметтер мен ақпараттарды беруден бас тартып, ұлттық құндылықтарды боямасыз қалпында насихаттауды жолға қоюы қажет;

Үшіншіден, елдегі қазақ санының артуына жағдай жасау, ол үшін тек табиғи өсімге ғана иек артпай, сырттағы қандастардың көптеп оралуына жағдай жасап, олардың қазақ аз орналасқан аумақтарға орналасып, тілдік ортаны қалыптастыруына мүмкіндік тудыру. Өз елінде адамның өзін өзгелермен тең сезінуі оның өз ұлтына деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімін өрістетері сөзсіз. Осы тұста шеттегі қазақтың көптеп елге оралуына ең басты кедергі болып отырған мәселенің олардың арасында да ұлтшылдықтың бәсеңдеуімен түсіндіруге болады деп ойлаймын, себебі, көптеген қандастар қазақ еліне келгендегі кездесетін қиыншылықтардан қорқып ат басын іркіп қалуда. Сондықтан, мемлекет қолдауымен шет елдегі қандастарды елге қайтуды үгіттейтін шаралар өткізіліп, олардың елге қайтқан соңғы алдынан кездесетін бюрократиялық кедергілерді жою жолға қойылуы тиіс;

Төртіншіден, діннің бірыңғайлылығы, яғни бір ұлт өкілдерінің тек бір дінді болуы ұлттың біртұтастығын қамтамасыз етуші фактордың бірі. Себебі, бір ұлт өкілі бола тұра әртүрлі дінге бас ұрған адамдар нақты бір жағдайда ұлттық мүддені дін жолына жығып кетері сөзсіз. Сондықтан, елде қазаққа тән Абу Ханифа мазхабының кең өріс алып, өзге діндер мен діни ағымдардың, секталардың еркін әрекет жасауына тосқауыл қойылуы тиіс;

Сонымен қатар, ұлтшылдыққа теріс әсерін тигізетін факторларға да тоқталып өтуге болады, ол ең алдымен, ұлттық идеологияның болмауы, яғни ұлттың құндылықтарының дәріптелмеуі, ұлттың ұлт ретінде даму жолдарының айқындалмауы, ұлттық сананың өрістеуіне жол бермеу ұлтшылдық сезімінің де жекелеген тұлғалар санасынан өшірілуіне септігін тигізеді;

Екіншіден, билік басындағы мемлекеттік қайраткерлердің бойындағы ұлтшылдықтың болмауы, халық барлық кезде де басшыларға қарап бой түзейтінін ескерсек, басшы қызметте жүрген адамдардың ұлтқа қатысты сөзі мен ісінің бір арнада тоғыспауы, халық арасында оларға деген наразылық пен жек көрушілік сезімдерінің туындауы, сәйкесінше, адам санасындағы ұлттық мүдденің шетке ығыстырылуы;

Үшіншіден, қазіргі кезде де, бұрын да қазақтың басының бірігуіне кері әсер еткен рушылдық пен жүзшілдікті қосуға болады. С. Өзбекұлының пікірінше, «Қазақтың патриотизмі ру, тайпа, жүз деңгейінен ұлттық сатыға көтерілмеген. Қазақ ұлттың жетістігі мен жеңісін ру мен жүздің табысы деп қабылдайды. Ұлт санасына дерт болып жабысқан жаман қасиеттің бірі – рушылдық, ол билік пен саясатқа ықпал етіп отыр» [2, 4 бет]. Рушылдық, жүзшілдік, жерлесшілдік секілді жағымсыз қасиеттердің тек тұрмыстық деңгейде ғана қалып қоймай биліктің биік сатыларында көрініс табуы, кәсібилілік қағидасының мемлекеттік органдар мен мемлекетке тиесілі мекемелер мен кәсіпорындарда қаперге алынбауы, кең етек алған сыбайлас жемқорлық, санасы таяз, «бәкене бастықтардың» көбеюіне, ал өз-өзіне сенімді, ұлтқа берері мол азаматтардың шет елдік компаниялар мен кәсіпорын, мекемелерге жұмысқа тұруына, тіпті кейбірінің шет ел асуына ықпал етуде.

Төртіншіден, ұлтшылдықтың халық арасында кең өріс алуына тікелей ықпал жасайтын негізгі күш ұлттық интеллигенцияның ұлт мәселесіне қатысты іргелі ғылыми еңбектер жазып, батыл түрде ұлтқа қатысты тың ойлармен бөліспеуі, ұлттық мүдде тұрғысында тайсалмай ой қозғамауы. Бұл өз кезегінде қара халықтың ұлтшылдық сезімдерінің бәсеңсуіне ықпал жасай алады. Соңғы жылдардағы қазақтан шыққан көзі қаракты азаматтардың ұлт мәселесіне, ұлттың басындағы жағдайға мән беруден қарағанда өз басының атақ, абыройы, материалдық жетістіктер мен лауазымға қол жеткізуі үшін ашық түрде жағымпаздық пен жалбақайлықтан жарысқа түсуі қарапайым халықтың ұлттық интеллигенция ұғымына күмәнмен қарауына алып келді. Қазақтың әр салада үлкен жетістіктерге жеткен көзі ашық ұл-қыздарының мұндай күйге түсуінің себебі жайлы Ғ. Есімовтың пікірі ұтымды берілген, «Ұлттық сана да, ұлтшылдық та көбінесе ұлттық интеллигенцияға қатысты айтылады. Әрине, артық айтсам кешірім өтінемін, қазақтың оқыған қаратаяқтары көп, бірақ олар ұлт интеллигенциясы болып қалыптаспаған. Олардың ішінде ұлттық идеяға немқұрайлылықпен қарайтындар аз емес. Бұл үш ғасыр жүргізілген отаршылдықтың, құлдық психологияның салдары болса керек. Заң жүзінде ұлттық тәуелсіздікке қол

жетті, бірақ, мәселе түбегейлі өзгерген жоқ. Ұлттық нигилизм бойымызға дерт болып еніп кеткен» » [4, 80 бет].

Бесіншіден, ұлттың діни бейберекетсіздікке ұрынуы, яғни бір ғана қазақ ұлтының өкілдерінің соңғы жиырма жылда көптеген діндерге, діни ағымдарға, секталарға бой ұруы, әр діни ұйымның талап-тілектері бойынша өз өмірлерін өзгеріске ұшыратуы, жақын адамдардың бір-біріне жат болуы. Тіпті, жекелеген тұлғалардың дін жолында құрбан болуы ұлт бойындағы ұлтшылдықтың екінші орынға ығыстырылып, қазіргі кезде, қазақ ұлтының өкілдерінің діни негізде бір-бірімен соғысқа шығуға даяр екендігін көрсетіп берді.

Оймызды қорытындылар болсақ, ұлтшылдық тек қана ұлт емес сол ұлт негізін қалайтын мемлекеттің сақталуының кепілі. Ұлтшылдық болмаған жерде қоғамның да мемлекеттің де алға жылжуы, дамуы мүмкін емес. Себебі, тек ұлтшылдық қана жеке тұлғаның ортақ мүддеге бой ұрып, жалпы қоғам үшін, мемлекет үшін тиімді әрекет жасауына ықпал ете алады. Жеке адамдардың басын біріктіріп, олардың ортақ мүдде жолына қызмет етуіне олардың психологиясына тереңдей еніп, бағыттаушы күшке ие болатын ұлтшылдық сезімі қажет. Сол себепті, мемлекет ұлтшылдықты алдыңғы орынға қойып, ұлттық мүддеге негізделген саясат жүргізуге міндетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Масанов, Н.Амрекулов. Патриотизм не имеет общего с национализмом. Если этот патриотизм – подлинный. Казахстанская правда. №270, 30.12.1993.
2. С.Өзбекұлы. Қазақ патриотизмі мемлекетті нығайтудың іргетасы www.massagan.com/news.php?mod=news&id=2338&catid=9
3. О.Сүлейменов. Чем опасны «патриоты». Казахстанская правда. №176, 07.07.1993.
4. Ғ.Есімов. Ұлттық сана және ұлтшылдық туралы. Ақиқат, №6, 1992.
5. Ақ Атай. Ұлтсыздық, ұлтшылдық һәм ұлтжандылық.// Қазақ әдебиеті, 10 сәуір, 1998.

ЖАҢА ДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫ РЕФОРМАЛАУДАҒЫ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР

Омар Б.М., Абилқайыров А.Т., Батанов Б

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Резюме:

В этой статье рассматривается развития правовые системы Республики Казахстан

Summary:

This article discusses the development of the legal system of the Republic of Kazakhstan

Демократиялық қоғам құру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселесі төңірегінде бүкіл әлемде, Еуропада өткен ғасырдың ортасынан бастап түрлі іс-әрекеттер қолға алына бастаған. Осы уақытта барлық құқықтық мемлекеттер өздерінің құқықтық жүйелерін осыған сәйкестендіріп, «қалай өркендетеміз?» деген тақырыпты жиі талқылағаны белгілі. Соның нәтижесінде бір топ мемлекеттер англо-саксондық құқықтық жүйеге сәйкес келетін тәртіпті енгізді. Ал, Германия, Франция бастаған мемлекеттер болса континентальды жүйені негізге алып, бұл күнде сол тұрғыдағы өздерінің сот жүйесіндегі әрекеттерін дамытып келе жатыр [1, 16]

Заңға ғана бағынатын қоғам алға жылжиды. Бұл жерде: «Екі жақты тыңдап алмай, үкім шығарма» деген Солон принципі ескерілген. Сот жүйесінде адам баласының ой-санасынан өткен төрелік ету мәселесін өзгерту өте қиын. Әйтсе де іс-тәжірибе ретінде АҚШ-тың, Францияның, Англияның, Ресейдің Алқа билерінің сот ісіне қатысуы зерделеніп, өндіріске алынғаны дұрыс шешім болды. Демократиялық қауымдастықта кең ауқымды сот жүйесін одан әрі дамыту еліміздің бүгінгі таңдағы басты мақсаттарының бірі болып табылады. Бүгінгі саясаттың ертеңгі күнді болжап отыру арқылы ғана өмір сүре алатындығы сияқты, болашақтың жаһандық құқықтық моделін анық отыру арқылы ғана біз онымен бәсекеге түсе аламыз. Демек, ең алдымен жаһандық айналымға ілеспекші жаңа тұрпатты құқықтық реформамыздың

алысты көздейтін стратегиялық бағыт-бағдарын әрбір азамат бірден сезінетіндей, олардың іс-әрекеттеріне қарап, өзгерістер дәуірі ортасындағы өз мәселесін шешудің жолын таба алатындай тәрбие қажет. Бұл үшін соттың жұмысын ұйымдастыру мен судьялардың іс жүргізу барысындағы кейбір мәселелерді түбегейлі шешу керек. Қазақстанның сот жүйесі халықаралық құқықтық стандарттарға қарай қадам басуда ТМД елдері бойынша алдыңғы қатарда келеді. Оны сот жүйелерінің жұмысынан және сот мәселесіне қатысты шетелдерде өтіп жатқан ғылыми конференциялардан байқауға болады. Қазақстанның сот жүйесі ТМД елдері ішінде бірінші болып әлемдік қауымдастықтың сот жүйесіне дипломатиялық контексте із салып, көшбасшылық мәнге ие болды. Оны Қазақстанның сот жүйесіне берілген баға мен елімізге келіп жатқан шетелдердің сот билігі өкілдерінің тәжірибе алмасудағы іс-қимылынан көруге болады.

Елімізде мамандандырылған соттардың құрылуы айтарлықтай ілгерілеушілік болып табылады. Алматы қаласында Ұлыбритания үлгісіндегі қаржылық соттың құрылуы аймақ елдері ішінде жаңа бастама болды. Қоғамның дағдарыссыз қалыпты дамуын қамтамасыз ететін, демократиялық принциптердің бұрмалануына жол бермейтін тұрақты әрекет ететін саяси және құқықтық механизмдер қажеттігін өмірдің өзі ұсынуда. Бұл үдеріс адам мен мемлекеттің бір-бірімен қарым-қатынасындағы өзара міндеттерден туындап отыр. Сондықтан құрылып отырған бұл институт қоғамдық өмірдің ізгілікті бастауларын нығайтуға шақыратын, мемлекеттің абыройын, мақсат-мұратын қорғайтын маңызды құрал болмақ. Сот реформасын жетілдірудегі ерекше айқындалған мәселе жас жеткіншектермен жеке айналысатын ювеналдық сот жүйесі болып отыр. Бұл болашақ ұрпақ үшін аса маңызды болмақ. Еліміздің сот жүйесі осы бағытты дамытып, өзге елдерді үнқатысуға шақыруда. Жалпы, мұндай ізгілікті шаралар құқық қорғау органдарының барлық саласында жүргізілуі сұралуда. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маңыздылығы ескеріле отырып, өлім жазасы сот өндірісінен алынып тасталды. Бұрын өлім жазасына мораторий жарияласақ, енді ол шектелді. Мұның өзі біздің қоғамның құқықтық мемлекет құрудағы тағы бір үлкен қадамы болмақ [2, 16].

Қазіргі таңда Қазақстанда дербес сот билігі құрылды деп айтуға толық негіз бар. Судьялардың қоғам қажеттілігіне сай сот төрелігін жүргізу жауапкершілігі, кәсіби деңгейі мен қызмет этикасы нормаларын сақтауы бағытында іс-шаралар атқарылып келеді. Әйтсе де сот реформасының ең негізгі қағидаттары ретінде сот жүйесі тиімді қызмет жасайтын және судьялардың нақты тәуелсіздігін қамтамасыз ететін халықаралық жалпыға бірдей танылған тәжірибелердің алынуы сұралып тұр. Бұл қағидаттар Конституцияда айқындалған. Сот шешімдерінің әділдігіне қарап, қоғам оған баға береді. Соттарға көрсетілген құрмет, бірінші кезекте мемлекетке көрсетілген құрмет. Ал оларға құрмет көрсетілуі үшін, соттардың тәуелсіздігі алдыңғы кезекте тұруы тиіс. Еліміз судьяларының материалдық жағдайын жақсарту жөнінде Жоғарғы Сот Кеңесінде мәселе қаралуының өзі көптеген факторлардың шешімін табуына жол ашты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары саяси жүйе мен праволық механизм, халықты тұтастыру туралы мәселе көтере алмады. Бұл билік буындарында белгілі бір вакуумға әкеліп соқтырды. Ол саясат: «Егер заң шығарушы және атқарушы билік бірігіп кетсе, онда бостандық болмайды. Сол сияқты сот билігі атқарушы және заң шығарушы тармақтан ажыратылмаса бостандық болуы мүмкін емес» деген мемлекетшіл Шарль Монтескьенің философиясын қоғам өміріне батыл енгізуге алып келді. Өткеннен бір мысал. Ресейде XIX ғасырдың екінші жартысында Александр II-нің тұсында сот реформасы, земство реформасы, әскери реформасы, қала реформасы, басыбайлықтан босату реформалары жүргізілді. Солардың ішінде ең маңыздысы сот реформасы болды. Ең алғашқы мемлекет ретінде сот реформасында присяжный заседательдер соты енгізілді, еркін адвокатура, ашық сот жарияланды. Сол заманда патша ағзамның өзі де сот ісіне араласа алмады. Қазақ ұлтшылдары, Алаш қайраткерлері присяжныйлар сотының Қазақстанға керектігін дәлелдеді. Қазақ тарихында, жалпы қазақ дәстүрінде сот билігінің пригативасы биік болды. Тіпті бір кездері қазақ хандарын билер тағайындайтын. Абылай ханды да таққа отырғызған билер еді. Демек, реформа тез жүрсін десек, оған жеке тұлғалардың емес, заңдар мен жүйелерді жетілдіруіміз қажет болды. Ең алдымен, сот жүйесінің механизмі ақиқатқа тікелей жеткізуге тиіс еді.

Қазіргі таңда Қазақстанның құқық жүйесін реформалау барысында құқық қорғау саласын жетілдіруге аса мән берілуде. Бұл маңызды салаға алқа билер институтының енгізілуі сот реформасындағы ең ірі қадам болған еді. Қылмыстық сот өндірісіне алқа билердің қатыстырылуы заңмен бекітілді. Бұл қадам қарапайым халықтың сот билігіне деген сенімін нығайта түсуімен ерекшеленді. Халық өз құқығын тек заң арқылы қорғай алатынына көзі жетіп, сотқа бұрынғыдан да көбірек жүгіне бастады. Елімізде азаматтардың сотқа сеніммен қарауын, соттардың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету үшін соттарды мамандандыру, сот практикасына озық үлгідегі ақпараттық технологияларды енгізу бағытында

тұрақты жұмыстар жүргізуде. Мұның өзі Елбасымыздың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының Конституцияға сәйкес іске асуы, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ел бірлігін сақтау саясатымен үндеседі. Бұл жолда сот жүйесіне маңызды міндеттер жүктелді.

1998 жылы сот жүйесіне алқа билерді енгізуде Ұлыбритания, Канада, Испания мемлекеттеріндегі ағылшын-саксондық үлгіні енгізуді ұсынып, бұл жүйенің біздегі ғасырлар бойы өмір сүрген билер сотының құрылымына жақын келетінін алға тартса, келесі бір бөлігі қылмыстық істерді қарауда 1 судья мен 12 халық заседателі қатыстырылатын ағылшын-саксондық жүйені тым қымбатқа түсетіндігін сынай отырып, істі судьяларға сеніп тапсыру қажеттілігін көрсетті. Міне, осындай талқылаулардан кейін, 2006 жылдың 16 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Алқа билер туралы» Заңын бекіткен болатын. Аталмыш Заң 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Бізде алқабилердің континентальді үлгісі алынған. Тоғыз алқа би мен екі кәсіби судья аса ауыр қылмыстық істерді қарап үкім шығарады. Негізінен Алқа билер кәсіби маман емес, сондықтан да олардың қалыптасып және жоғары деңгейде жұмыс жасауы үшін құрамындағы қабылдау механизмін жетілдіру қажет [3, 16].

Адам құқықтарын қорғаудағы ең негізгі күш ретінде «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы және Қазақстан 2005 жылы бекіткен Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі, сондай-ақ Экономикалық және мәдени-әлеуметтік құқықтар жөніндегі халықаралық пактілер саналады. Ал Еуропадағы аймақтық деңгейдегі ең маңызды құжат — адам құқықтары мен бостандығы туралы Еуропалық конвенция болып табылады. ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер өздерінің соттарына халықаралық және ұлттық бақылаушылардың еркін қатысуына міндеттеме қабылдаған. Осыған байланысты Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының адам құқығы және демократиялық институттар жөніндегі бюросы Қазақстанда сот талқылауы бойынша мониторинг жобасын жүзеге асырды. Бақылаушылардың жүргізген мониторинг нәтижесі сот талқылауындағы әділдікті халықаралық құқық нормасының принциптерімен сәйкес келетінін көрсетті. Еліміз бірнеше халықаралық актілерге қатысушы болып табылады. Олардың нормалары кеңінен қолдау табуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекетті басқару академиясының Сот төрелігі институты сот жүйесіне кәсіби мемлекеттік қызметшілер дайындайтын ТМД мемлекеттері арасындағы бірден-бір оқу орны. Жалпы, біз құқықтық реформа саласын жан-жақты жүргізіп, оны аймақтағы өзге елдерге үйретіп келе жатқан мемлекетпіз. Әлем сарапшылары елімізде жүргізілген жұмыстарға әділ бағасын берді. Бұл біздің өткен жылдары қол жеткізген табыстарымыз. Уақыт өте келе қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер енгізу қажеттігі туындады. Әрбір құқық қорғау органдарының қызметі басқа ұйымның жұмысымен араласпай, оның қайталанбайтын бағыты анықталуы тиіс болды. Бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан құқықтық реформаның басты мақсаты да – осы. Оның өзегі ретінде құқық қорғау жүйесін ізгілендіру көзделіп отыр [2, 16].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты халыққа Жолдауында, - «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізген жағдайда мұны істеу қиын емес. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет. Сот билігінің беделі орындалмаған сот шешімдерінен төмендейді. Осыған байланысты, бұл жағдайды түбегейлі өзгерту жөніндегі шаралар қабылдануға тиіс», деген болатын [4, 16].

Құқықтық мемлекет қоғам өмірінің ізгілікті бастауларын нығайтуға шақыратын, бірден-бір жоғары әлеуметтік құндылық болуымен қатар, адамның бостандығын, ар-намысын, абыройын қамтамасыз ететін және қорғайтын маңызды құрал болмақ. Осыған байланысты сот реформасын жүзеге асырудың және конституциялық заңдылықты және елде құқықтық тәртіптің күшті қорғаушысы болатын сот жүйесін қалыптастырудың маңыздылығы артып отыр. Осыған орай Елбасы құқық қорғау саласында ауқымды реформаларды жүзеге асыру бағытында «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Заңға қол қойды.

Осы уақытқа дейінгі құқық қорғау органдарының құрылымы, функциялары мен құзыретті бүгінгі қоғамның нарықтық қатынастарына сай келмейтіні көрініс берді. Бағалаудың бүгінгі критерийлері мәселелерді шешуге қабілетсіздік танытты. Президент Әкімшілігіне түсіп жатқан наразылық білдірген хаттардың басым күші құқық қорғау органдары мен соттардың қызметіне қатысты болған. Түрме адамды

ешуақытта тәрбиелеген емес. Бұл жердегі тәрбие екі жақты бітімгершілікке шақыруда жатыр. Батыс елдеріндегі заңдылық бойынша тоналған мал-мүлікті қайтарып беру, тараптарды түсіністікке шақыруға басымдық берілуде. Қоғамға аса қауіп төндірмейтін қылмыстарды бейқылмыстандыруға бағытталған бастамалар да ізгіліктің үлкен бастауы болмақ. Құқық қорғау саласын реформалау дегенде, ең бастысы азаматтарға қатысты қылмыстық заңнаманы ізгілендіру ғана емес, қылмыстық жауапкершілікті әкімшілік жауапкершілікке өткізуді де көздейді. Түрмедегілердің санын азайту мақсатында бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалардың баламалы түрлерін, сондай-ақ медиация институтын дамыту арқылы бітімге келу процедураларын қолдану аясын заң жүзінде жүзеге асыру ісі де қоғам өмірін сауықтыруға септігін тигізетін шара. Сондықтан бұл істі де тиімді жолға қою қажеттігі сұралып тұр. Демек, сотқа дейінгі іс жүргізуді одан әрі оңайлатуға, оның жеделдігін, оның ішінде тергеумен ынтымақтастықтағы айыпталушыларға қатысты ынталандыру нормаларын енгізу арқылы, арттыруға, қылмыстық сот ісін жүргізуде бітімгершілік рәсімдерді кеңейтуге, қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі функцияларды жергілікті атқарушы органдардың қарамағына беруге, тергеу кезіндегі ұзаққа созбалауды қысқартуға, азаматтардың өмірін жеңілдету мақсатында қылмыстық істер бойынша өндірісті оңтайландыруға қатысты шараларды қолға алу осы жолдағы көп кедергілерді жоймақ. Жалпы, қылмыстық процестер шеңберінде «кінәсін мойындағаны туралы келісім» институтын енгізу адамды тәрбиелеуде игі ықпалын тигізетіні анық. Соттың ізгі мақсатта жұмыс істейтін бұл үлгісі қазір әлемнің көптеген елдерінде бар. Көршіміз Ресейде «бейбітшілік соты» институты жұмыс істеуде. Ол татуластырушылықты көздейді. Бұл – біздің ұлттық тәрбиемізде бар дәстүр. Сондықтан ұлттық құндылықтарымызда бар болмысымызды өз өмірімізде қолданысқа айналдырсақ ұтылмасымыз анық [2, 16].

Қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстанның сот жүйесі халықаралық құқықтық мемлекеттердің стандартына сай даму үстінде. Сол себептен, осы уақытқа дейінгі қол жеткен нәтижелерге қарамастан сот жүйесін одан әрі заман талабына сай реформалап отыру қажет, - деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасындағы үшінші билік - сот билігінің мемлекетіміздің құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы үшін маңызы өте зор. Тәуелсіз мемлекеттің тұтастығын қорғап, ішкі және сыртқы саясатының пәрменділігін арттыруда, оның мызғымас заңы және осы заңды қорғайтын әділ сотының болуы басты мәселе болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 30.08.1995 жылғы Конституциясы (Қазақстан Республикасы Парламентінің 1996 ж., №4,217-құжат), Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазандағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Парламентінің 1998 ж., №20,245-құжат), Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Парламентінің 2007 ж., №10, 68-құжат). –Астана: «Елорда» баспасы, 2009.

2. Н.Назарбаев «Қазақстан Жолы» кітабы.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 маусымдағы № 348 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТӨЛЕҢГІТТЕР

Байсейтов Б.Б. - Абай атындағы ҚазҰПУ «Мемлекет және құқық теориясы мен конституциялық құқық» кафедрасының аға оқытушысы

Резюме

В этой статье автор рассматривает место и роль, в целом статус, туленгутов, как в качестве особенной категории, в социально-правовой системе традиционного казахского общества.

Summary

In this article the author considers the place and role in the overall status, tulengutov as a special category of socio-legal system of traditional Kazakh society.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы төлеңгіттер негізінен ханның жанындағы ағымдағы мәселелерді шешумен айналысып отырды. Төлеңгіт мәселесі осы уақытқа дейін отандық заң ғылымында арнайы қойылып, зерттеле қойған жоқ. Сондықтан жалпы төлеңгіттің көшпелі қазақ қоғамындағы орны мен ролін атқарған негізгі қызметтерін сөз етпей, мәселені терең талдау мүмкін емес. Төлеңгіттер туралы Қазақстанның мемлекеті мен құқығы тарихына қатысты еңбектерде мынандай түсінік берілген: «Тюленгуты – некогда свободные, но выбывшие из состава своего рода обедневшие казахи и потому вынужденные вступать в полную вассальную зависимость от крупного феодала – хана, султана. Обычно тюленгуты несли военную службу у своего сеньора или выполняли домашние работы в его хозяйстве. Со временем положение тюленгута стало рассматриваться как наследственное» [1; 53-54 бб.]. Әрине, бұл еңбектің кеңестік кезеңде жазылғандығын ескеретін болсақ, төлеңгіт институтының таптық сипатына терең мән беріп, оның басты қырын да таптық мәселемен байланыстыру сол кезеңнің талап-деңгейімен қарағанда өте орынды болып табылады. Төлеңгіттерді Шәкәрім Құдайбердіұлы белгілі бір этникалық топпен байланыстыра келе, былай дейді: «Төлеңгіт деген елдің нәсілі Алтайдағы Төлет көліндегі Алтайский горный қалмақ, яғни Алтайдағы тау қалмағы деп орыстардың айтатұғын қалмақ нәсілінен. Біздің қазақ бұл орта жүздегі төлеңгіт деген елді арғындардың атасы Дайырғожаның құлы дейді. Ол сөз рас болса, қалмақты қазақ шапқанда тұтқын болған төлеңгіт қалмақ болады. Әбілғазы хан сөзіне қарағанда, ойрат атанған қалмақтан және хан төлеңгіті деген бір сөз бар, ол нағыз төлеңгіт емес, ханға жиылғандар деген сөз» [2; 39 б.]. Соңғы кезеңде жарық көрген «Қазақтың ұлттық энциклопедиясында» мынандай сипаттама беріледі: «Төлеңгіттер – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ақсүйек-төрелерге (хандар мен сұлтандар) қызмет етуші адамдардың әлеуметтік қауымы. Негізінен жаугершілік замандарда сырт елдерге жорық жасау барысында қолға түсіп, билеушілердің жеке иелігіне берілген соғыс тұтқындарынан тұрды. Сондықтан олар үш жүздің ешқайсысына да кірмейді, тек төрелерге ғана қызмет ететін әлеуметтік топ болып есептелген. Олар хандар мен сұлтандардың барлық шаруашылық жұмыстарын атқаруға міндетті болды. Төлеңгіттердің енді бір бөлігі – сұлтанның немесе хан ордасында билеушілердің жеке басын қорғайтын әскери жасақ, бейбіт уақытта олардың тапсырмаларын орындаушы, зекет, соғым жинаушы, сот биліктерін орындатушы шабармандар міндетін де атқарған. Мысалы, Абылай ханмен бірге 1000-нан астам төлеңгіттер отбасы көшіп-қонып жүрген. Ресей өкіметінің 1822 жылғы жаршысына сәйкес хандық жойылғаннан кейін Қазақстандағы жағдайға байланысты бұл әлеуметтік қауым үлкен өзгерістерге ұшырады. Хандық жүйенің жойылуына байланысты қазақ билеушілері өз төлеңгіттерін асырау, ұстап тұру мүмкіндіктерінен айрылды. Сондықтан жеке шаруашылығы бар төлеңгіттер біртіндеп басқа руларға қосыла бастады. Кейбір рулар ішінде төлеңгіт деген аталар пайда болды. Орта жүз бен Бөкей хандығында бұрынғы төлеңгіттерден жеке төлеңгіт рулары шықты» [3; 471 б.]. Төлеңгіттің шығуын осы мәселені зерттеген ресейлік ғалымдардың бірі Ф.К. Зобнин былай түсіндіруге ұмтылады: «Существование тюленгутов среди киргизов Малой, Средней, Большой и Букеевской орды показывает, что долгое время тюленгуты составляли скорее понятие политическое, социальное, а не этнографические и род с их названием, вероятно, образовался тогда, когда самое явление тюленгутизма исчезло. По этому не вижу никакого основания думать, что существующей теперь в Каркаралинском уезде род тюленгутов мог им быть какое либо кровное отношение к тюленгутам вообще» [4; с. 43]. Көріп отырғанымыздай, төлеңгіт институтының мәнін ашу үлкен қиындықтар тудырады. Бірақ та, осы талдаудың өзінен бір басы ашық мәселені аңғарамыз, ол біздің ойымызша төлеңгіттер хандар мен сұлтандардың жанында қызметте жүретіндігі. Төлеңгіттерді тек қана ерекше топ, яғни ақсүйектер ғана иелене алды. Осы жерде белгілі ғалым академик С.З. Зимановтың мына ойы өте орынды деп есептейміз: «Правом на владение тюленгутами пользовались только ханы и султаны – представители высшего феодального сословия в казахском обществе, происходящие от «белой кости». Бии, тарханы, батыры, даже самые влиятельные из них, иногда превосходившие своим богатством и авторитетом ханов и султанов, не имели такого права. История казахского общества не знает такого случая, когда бы последние претендовали бы на то, чтобы иметь тюленгутов. Таким образом, право иметь тюленгутов составляло исключительную привилегию только ханов и султанов» [5; с. 422]. Төлеңгіт институтын бағалауда тағы бір ескеретін жағдай бұл институттың кезеңге сәйкес динамикалық ерекшеліктерінің болғандығын Е. Бекмахановтың «К началу XIX века тюленгуты относились к числу феодально-зависимых людей. Слово тюленгут, не казахское, оно заимствовано от алтайских калмыков-«теленгет». Развитие института тюленгутства было связано с общим процессом феодализации казахского общества. В первой половине XIX века институт тюленгутства не только получил широкое распространение, но и его содержание по сравнению в XVIII в. заметно изменилось. В XVIII в. тюленгуты являлись по преимуществу военными слугами хана и

султанов. Нередко они выполняли и ответственные дипломатические поручения. Развитие тюленгутства было в то время тесно связано с политической организацией казахского ханства. Изменения в социальном положении тюленгутов в XIX в. были связаны с упадком казахской государственности. Ее возрождение в отдельные моменты XIX в. сопровождалось и восстановлением прежней роли тюленгутов» [6; с. 48], - деген ойы өте орынды. Бұл жерде төлеңгіт институтының эволюциялық дамуы – оның динамикалық құбылыс екендігі өте орынды ескерілген.

Дәстүрлі қазақ қоғамында төлеңгітті иемденудің бірнеше жолдары, әдістері қалыптасты. Олардың қатарына біздің ойымызша, мыналар жатады:

«По неимению скотоводства бедные киргизы прибегают к достаточным и остаются у них из-за одного пропитания даже и навсегда со своим потомством».

«Желающие обезопасить стада и быть под покровительством остаются при покровителе также потомственно, а иногда отходят и увольняются по доброй воле владельцами по учинении с ними расчета в содержании и приобретении скота».

«Во избежание какого-либо взыскания, правильного или неправильного, киргизы укрываются под покровительство султана или другого влиятельного киргиза» [7, 325-326 бб].

Төлеңгіт институты дәстүрлі қазақ қоғамында басқа да әлеуметтік топ мүшелерінен ерекшеленді. Мысалы, құлдармен салыстыратын болсақ, «Қазақ қоғамында құлдар мен төлеңгіттердің қалыптасуы бойынша да ерекшеліктері болды. Құлдың негіздеріне әскери тұтқындар, қарызын өтей алмаған борышқорлар, балаларын құлдыққа сату, мұрагерлікпен берілетін құлдар т.б. жататын болса, төлеңгіт тек өзінің еркімен белгілі мүдделерін қанағаттандыру үшін сұлтанға төлеңгіттікке кіретін болды. Бұл жерде құл мен төлеңгіттің жағдайын олардың таңдау мүмкіншіліктері ерекшелеп отыр. Құл құлдыққа айналуы таңдай алмайды. Ал төлеңгіттің таңдау еркі болады. Сонымен бірге төлеңгіт қай уақытта болса да, өзінің сұлтанынан басқа сұлтанның қарамағына өтуге еркі бар. Ал құлда басқа қожайынға, оның өзінің еркімен өтуге деген құқығы мүлдем жоқ. Құлдың құл екендігін оның басында еркінің жоқтығы басқа әлеуметтік топтардан әрқашанда ерекшеленіп тұрады» [8, 36 б]. Төлеңгіт құлға қарағанда өзінің еркі бар, әлеуметтік топ мүшесіне жатты. Оны жоғарыдан көріп отырмыз.

Енді, төлеңгіттердің қазақ қоғамында атқарған қызметтеріне келетін болсақ, ол туралы да ғылыми пікірлер әр түрлі болып келеді. Төлеңгіттердің дәстүрлі қазақ қоғамында атқарған негізгі қызметтерін қазақ әдет құқығының материалдар жинағында берілген мына бір деректерден аңғара аламыз: «Имение при себе султанами тюленгутов нельзя назвать преимуществом белой кости, но скорее потомственным достоянием, перешедшим от предков, принявшим под свое покровительство людей которые искали в прежнее время защиту у каждого ордынского властелина, от непрерывных в то время междоусобий. Бывало что целыми семьями являлись к султанам прося покровительства и средств к существованию, взамен предлагая свои услуги, а в военное время быть в роде телохранителей.

Нередко цель сделаться тюленгутом хана или султана была скрыться от законного какого-либо преследования. С тех пор образовав целые аулы, пришельцы эти разных родов и отделений кочуют постоянно вместе с султанами, не отличаясь впрочем ничем от простого киргизца кроме одного права клеймить скот свой султанским тавром.

Тюленгуту не воспрещается откочевать со своим семейством от султанских аулов, но при первом востребовании должен явиться на прежние свои кочевья.

Обязанности тюленгутов не определены. По усмотрению иногда бывают рассылными, поверенными и вообще занимают мало обременительные должности.

Семейством равно как и имуществом тюленгута распоряжаться никто не вправе. Судятся биями и другими наравне с прочими ордынцами. Особых повинностей султану не несут» [9, 181-182 бб].

Төлеңгіттердің дәстүрлі қазақ қоғамында атқарған қызметтерін де белгілі тарихшы Ж.О. Артықбаев та төмендегідей де топшалап көрсетеді: «Төлеңгіттер – төре маңында әскери-шаруашылық қызметін атқаратын адамдар. Төлеңгіттердің басым көпшілігі тұтқынға түскен өзге ел өкілдерінен құрылуына «Жарғы» қарсы емес.

Қазақтың төре қол астына барып төлеңгіт болуына қарсылық жоқ, бірақ өз руының құрамынан шығады.

Төлеңгіттің өз шаруашылығы, отбасы болады және оған төре (хан, ұлыс сұлтаны) қол сұға алмайды.

Төлеңгіт өз қамқорының (хан, ұлыс сұлтаны) бір айтқанынан қалмай әскери жорыққа, сапарға, тапсырмаға шығуға міндетті.

Төлеңгіттер өз қамқорының шаруашылығына қолқабыс етуге міндетті.

Төлеңгіттердің өтінішін хан мен сұлтан қарсылық жасамаса билер қарауына қарсылық жоқ.

Төлеңгіттердің өз қамқорын тастап, не өзге елдің хан, ұлыс сұлтанына, не болмаса қазақтың руына қосылуға хақысы бар.

Төлеңгіттер өз малына төре таңбасын салады» [10, 104 б]. Біз бұл жерде жалпы төлеңгіттердің әскери билік өкілі ретіндегі сипатына мән беруді мақсат етіп отырғандықтан, мәселенің осы қырына терең көңіл бөлетін болсақ, Е. Бекмаханов төлеңгіттер еңбегінің шаруашылықта аз қолданылғанын сөз ете келе былай дейді: «Труд тюленгутов мало использовался в хозяйстве феодалов. Тюленгуты служили, главным образом, в качестве дружинников, личного телохранителя своего хозяина. Кроме того, тюленгут обязан был участвовать во всех походах своего хозяина, предпринимаемых с целью барымты и угона скота» [6, 48 б]. Шын мәнінде, төлеңгіттердің дәстүрлі қазақ қоғамындағы басты тағайыны негізінен әскери қызмет көрсету болып табылды. Мәселен, «Жазушы Мұхтар Мағауиннен естуімізде: Қасым хан атқа отырқанда қазақ мемлекеттігін қорғау үшін тұрақты әскер болуын түсінген. Айналасына өзін, яки хандық билікті қорғау ниетімен іріктелген адал, қарулы жігіттер ұстау арқылы бабасы Шыңғыс хан тұсындағы дәстүрді жалғастырған. Осы ретте Қасым хан төңірегіне жиналған сарбаздар негізінен әлгі төлеңгіт ұлысынан қосылған ұландардан құралады. Бұл үрдіге өзге хан, сұлтандар кезінде де ұмытылмайды. Төрелер ұсақтаған кезде қайсыбір төлеңгіт жанұялары әншейін қосшы, қызметші міндетін атқаруға ауысқан шақтары да болған. Кіші жүз ішінде олар төре - төлеңгіт, моңғол - (төлеңгіт, қалмақ - төлеңгіт боп бөлінеді екен» [11, 114 б]. Әскери қызметте болғандығын С.З. Зиманов та мынандай нақты мысалдармен дәйектей түседі: «Известно, что Аблай-хан во время военных походов имел при себе многочисленную группу тюленгутов, приставленных к нему от различных родов. При султানে Кенесары Касымове находился тысячный отряд тюленгутов, составляющий ядро его войска. Он постоянно понуждал своих верных вассалов своевременно пополнять его окружение новыми тюленгутами. В мирные годы часть этих людей оставалась при султанах, превращаясь в их постоянное окружение» [5, 426 б]. Төлеңгіттердің ақсүйектердің негізгі әскери күші болғандығын Е. Әбіл де бұл институттың мәнін ашу барысында былай деп мойындайды: «К непривileгированным социальным группам относились толенгуты – военные слуги султанов. Это была категория лично зависимых людей, добровольно отдавших себя под патронаж того или иного чингизида. Любой индивид, в силу разных обстоятельств лишившийся покровительства ассоциации общин, мог обратиться султану и стать его толенгутом. В этом случае он отказывался от своего рода, тамбы, урана, был обязан служить султану продуктами материального производства. Вокруг каждого султана образовывалась толенгутская община, некоторые влиятельные султаны и ханы создавали целые толенгутские ассоциации. Именно толенгуты составляли основную военную силу сословия ак-сүйек» [12, 107 б].

Төлеңгіт институты дәстүрлі қазақ қоғамында хан, сұлтандардың жанындағы негізгі әскери күштің көзі болып табылған бірден-бір әлеуметтік топтың өкілі болып табылды. Хан жанындағы төлеңгіттер әскери жарлықтарды ел арасына жеткізумен айналысты. Сонымен қатар, жаугершілік замандарда халық ішінен жиналатын әскери алым-салықтар да осы төлеңгіттер арқылы хан шабармандар ретінде жинастырылып отырды. Төлеңгіттер ханның жанындағы жеке күзет қызметінде атқарған болатын. Төлеңгіт институтының басты сипаты да, ерекшелігі де әскер ісімен тікелей байланысты болып келді. Кейіннен, XIX ғасырлардан бастап төлеңгіттер әскери қызметпен қатар, хан сұлтандардың жанындағы шаруашылық істерді шешуге пайдаланылды. XIX ғасырлардан бастап төлеңгіт институтының әскери табиғаты қалпы, бейнесі өзгере бастады.

Әдебиеттер тізімі:

1. История государства и права. (часть I). Под общей редакцией С.С. Сартаева. Алма-Ата: «Мектеп», 1982. – 182 с.
2. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ ғәм хандар шежіресі, - Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 80 б.
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедия / Ред. басқ. Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – 704 б.
4. Зобнин Ф.К. Рабы и тюленгуты в казахской степи (Библиотека казахской этнографии, 39-том). – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2006. - 280 с.
5. Зиманов С. Полное собрание сочинений. 10 томов. Алматы. «Медиа-корпорация «ЗАН», 2009. – 1. Т. - 456 с.
6. Бекмаханов Е. О зависимых феодальных категориях рабах и тюлегутах. (первая половина XIX века) // Вестник Академии Наук Каз ССР. – 1947. - №6 (27). – июнь. – С. 46-51.
7. Очерки истории государства и права казахов в XVIII и первой половине XIX в. / Под. общ.

ред. С.Ф. Ударцева / Предисл. – С.Ф. Ударцев и Н.О. Дулатбеков (на русс. и казах. языках). Вступит. ст. – Ш.В. Тлепина. Комментарий и подготовка текста – К.А. Алимжан, Ш.В. Тлепина, С.Ф. Ударцев. – Астана / Спб.: ТОО «Юридическая книга Республики Казахстан» / ООО «Университетский издательский консорциум «Юридическая книга», 2008. – 816 с.

8. Ахатов У.А. Дәстүрлі қазақ құқығы және құл иелену. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 118 б.

9. Материалы по казахскому обычному праву: Сб. Научно-популярное издание / Сост.: - научные сотрудники сектора права Академии Наук Республики Казахстан: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. – Алматы: Жалын, 1998. – 464 б.

10. Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» - мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні). Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2003. – 150 б.

11. Майтанов Б. Арғындардың бір орамы немесе шұбартау «Төленгіттері». - Алаш. – 2007. - №1(10). – 114-117 бб.

12. Абиля Е.А. История государства и права Казахстана: Курс лекций. / 3-е изд. Перераб. и доп. Караганда: ТОО «Учебная книга», 2005. – 256 с.

МӘНГІЛІК ЕЛ БОЛУДЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Симтиков Ж.Қ. - саяси ғылымдарының докторы

Түйін

Бұл мақалда Мәңгілік Ел болудың Стратегиясы ретінде «Қазақстан -2050» стратегиясы, «Қазақстан – 2030» стратегиясы, кемелденген экономика, ұлттық патриотизм қалыптастыру, ұлы ерлік туралы баяндалады.

Summary

In it proverb there is Eternity Country to form economy, national патриотизм, that was perfected by Strategy—сы on time "Kazakhstan - 2050 strategies, Kazakhstan" - 2030 strategies," given a report about great heroism.

1997 жылдың аяғында, барыс жылының қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2030 жылға дейінгі еліміздің даму бағдарламасын қабылдаса, араға 15 жыл салып 2012 жылдың аяғында қалыптасқан мемлекеттің Қазақстан - 2050 Стратегиялық бағдарламасын жариялады. Әркімді заман билеп арпалысып, айқасып жатқан кезеңде бар сезімді ақылға суартып, өткен дәуір мен жаңа кезеңді салыстырып, саралап жол сілтейтін, осындай аласапыран уақытта халықтың арман-мұратын, қажыр-қайратын жасампаз арнаға қарай бұру Елбасымыздың алдында тұрған алыстан болжаған аса маңызды міндет іспеттес. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деп айтпақшы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы ұсынған стратегия, болашаққа бағдаршам болары анық. Тіпті, әлем тарихына ой жүгіртіп, парақтап көрсек Юлий Цезарь, Александр Македонский, Петр реформалары, Наполеонның қайта жаңғыртуы, Ататүріктің «Түрік экономикасы», Вашингтонның республикалық басқаруға көшуі, Дэн Цю Пиннің «Қытайша социализмі» экономикасы дамымай, ұлттық өндірісі тұралаған мемлекеттерді әлем сахнасына қайта шығарған тура жол, сарабал саяси шешімдер болып саналады. Ал біздің Елбасының «Қазақстан – 2030» және «Қазақстан – 2050» Стратегиялары сол ұлылықтардың бүгінгі заңды жалғасы іспеттес. Елбасы осыдан 15 жыл бұрын: «2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады», – деген еді. Бүгінгі күні осы меже орындалды. «Қазақстан – 2030» тоталитарлық жүйенің санаға сіңірген, қорқыныш ұялатқан қанды тегеурінінен елді аман алып, уақыт талабына орай өркениетті өмірдің заңдылықтарына сай ұлт тәрбиелеу, тұрмыс, экономика, мәдениет, өнердегі өресін өсіруге бағытталса, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекетті одан әрі жетілдіріп, әлемнің көшбасшы елдерімен иық тірестіре алатындай жағдайда өмір сүретін болашақ ұрпаққа арналған бағдарлама, және биылғы Жолдаудың стратегиялық мақсаты мен оның саясаты ең бірінші кезекте жастарға арналған. «Қазақстан-2050» Стратегиясында Елбасы қалыптасқан мемлекет алдына алдағы жылдарға қатысты нақты міндеттерді қойып, бұл міндеттердің орындалуы үшін нақты тапсырмалар беріп отыр. Оның ішінде Мемлекет басшысы 2050 жылға қарай Қазақстанның әлемдегі бәсекеге аса қабілетті 30 елдің қатарына

кіруін айыркша айту керек. Осы ретте Елбасының Жолдауда атап көрсетілген негізгі тапсырмаларды жүзеге асырудың жолдарын қарастыру әрбір ұжым үшін үлкен міндет. Шындығында, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – келешегіміздің кемел де кемеңгер жоспары болып табылады. Президенттің жыл сайынғы жолдаулары бір-бірімен тығыз байланыста әрі әрбір жолдаудың өзіндік ерекшелігі бар екендігі заңдылыққа айналған. Осы тұрғыдан алғанда жаңа жолдаудың кейбір ерекшеліктеріне көңіл аудармауға болмайды. Ендеше Жолдауды оқығаннан кейінгі көңілге жақын қонып, көкірекке әсер еткен кейбір сондай мәселелердің бірнешеуіне тоқталайық.

Біріншіден, бүкіл қазақстандықтардың жүрегінен жол тапқан жаңашыл, тұжырымды жыл сайынғы жолдаулармен тығыз байланыстағы Жолдау болды. Бұл байланыстардың барлығы да еліміздің 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясына, Қазақстанның жаңа саяси бағытына келіп тоғысқандай. «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру» екендігін жариялаған Президентіміз халық көкейіндегі мәселелерді тап басып, алдағы міндеттерді көрегендікпен айқындап, келешегіміздің кемел көкжиегін көрсетті. Сонымен қатар, Елбасы көпшіліктің көкейінде, бірақ, қоя алмай жүрген сұрақтардың бірқатарына жауап берді де. Мысалы, «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз», «тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс», «орыс тілін білу біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы», «әлемнің лингва франкасын меңгеру», «ру мен тайпаға бөліну – ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі», «шежіре – қазақты бөлшектейтін емес, керісінше біріктіретін ұғым» - деп қадап айтқандары Елбасының сөзі үлкен қуаныш пен қатар пәрменді жауапкершілікті де жүктері анық. Бұл Жолдауда қазақ ұғымына азаматтық ұғым ретінде қарауға бет бұру керек екені байқалды. Жалпы, «біз кіміз, қайда барамыз және 2050 жылға қарай қайда болғымыз келеді?» - деген сауалдардың нақты жауабы.

Екіншіден, осы Жолдауда 1997 жылы жарияланған «Қазақстан – 2030» бағдарламасының негізгі қорытындылары шығарылды. Егемендіктің арқасында ынтымағымыз бен бірлігіміз жарасып, керегесі кең елге айналдық. Тұрақтылық пен келісім салтанат құрған тәуелсіз Қазақ елінің бағындырмайтын қамалы, алмайтын асуы жоқ екені белгілі болды. Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздегі қоғамдық тұрақтылықты, ұлтаралық бірлік пен келісімді нығайтушы күш болумен бірге, татулықтың ерекше үлгісі мен рәмізіне айналып отыр. Елбасының сөзімен айтқанда «тыныштықтың арқасында қазіргідей мақтанатын халге жеттік». Бірлік бар жерде тірлік бар деп дана халқымыз бекер айтпаған. Тек ауызбіршілік пен ынтымақ жарасым тапқан елде ғана берекелі тірлік орнайды. Бұл тұрғыда Қазақстан тұңғыш Президентіміз, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың саликалы саясатының арқасында азуын айға білеген алпауыт елдерге Бейбітшілік пен Келісімнің салтанатты үлгісін көрсетіп келеді. Ата-бабамыз армандаған Тәуелсіздігіміз бүгінде толыққанды нық орнығып, қазіргі таңда қазақ елін бүкіл әлем таныды. Қазақстанның бүгінгі бет-бейнесі, экономикасы мен халқының әл-ауқатының артуы елімізде жүргізіліп отырған саясаттың нақты нәтижесі екендігі сөзсіз.

Егемендік алғалы бері Елбасы көпжақты мемлекетаралық қарым-қатынастарға айрықша мән беріп, саяси, әскери және сауда-экономикалық әріптестікті дамытуға әрі интеграциялық бастамаларды іске асыруға және, ең бастысы, жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің тұрақтылығына кепіл болып отырған Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕКЫҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Кеден Одағы (КО), Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық (ЕурАзЭҚ) және Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Ұжымдық Қауіпсіздік Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) сынды ірі халықаралық ұйымдармен өте тығыз байланыс орнатты. Бүгінгі таңда Қазақстан жоғарыда аталған абыройлы халықаралық форумдардың толыққанды мүшесі ғана емес, өзінің ұтымды бастамаларымен олардың жұмысын жандандыруға да барынша атсалысып келеді. Және олардың кейбіріне төрағалық жасап та үлгерді. «Қазақстан – 2030» Стратегиясы ұзақ мерзімді жоспарлаудың ең сәтті шыққан үлгісі болды. Себебі, бұл жоспар Еліміздің стратегиялық саясатының өзегіне айналған Елбасының жыл сайын халыққа арнайтын Жолдауларының да іргетасы. Бүгінде мемлекеттің басқару жүйесі толықтай өзгеруде, басқарудың жаңа институттары өмірге келді. Мемлекеттік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам да өркен жайды. Саяси реформалар да сәтті өтіп, билік бұтақтары да орнықты. Өмірге көп партиялы Парламент келді. Бүгінгі күні біздің әрқайсымыз «2030 Стратегиясы іске асты, заманауи Қазақстан орнықты» - деп айта аламыз. Бұл бірлік, табандылық, қажырлы еңбектің заңды нәтижесі.

Үшіншіден, еліміз қазір тұрақты даму жолына бағыт алды, ел экономикасы көтеріліп, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Ұлттығымыздың ұлы шаңырағы Астананың қарыштап дамуы, өркендеуі Қазақстанның мәртебесін асқақтатып отыр, елорда – ел өркендеуінің негізі, саяси тұрақтылықтың, экономикалық өрістеудің орталығына айналды. Осыған қоса, дүние жүзі дін басшыларының басын біріктіріп,

татулықтың символына айналған Дәстүрлі діндер съезі адамзаттың өзекті мәселелерін шешудегі діни конфессиялардың рөлін айқындап, халықтардың өзара үйлесімді дамуына септігін тигізуде. ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізу мен ЕҚЫҰ Саммитін ұйымдастыру да – ел алдындағы жауапты үлкен іс, әрі Астананың мол мүмкіндігінің тағы бір көрінісі. Елордамыз – Астананың күн санап көркейіп, өсіп, сәулеттенуі – бәріміздің мерейіміз. Шынында Астанада асқақ еліміздің жүрегі болмаса, дәл мұндай әлемдік маңызды міндеттер жүктелмеген болар еді. Бұл біздің еліміз Қазақстанға деген құрмет, Елбасымыздың әлем алдындағы асқақ абырой-беделі. Осы реттен келгенде, Елбасы Жолдауындағы негізгі бағыттар әрқайсымызға үлкен міндеттер жүктейді. Бұл 2050 жылға дейінгі кезеңді қамтыған Жолдаудың әрбір бағытында айтылған тапсырмаларды орындау – әрбір Қазақстан азаматының міндеті.

Төртіншіден, Елбасы атап өткендей, «біз бүгін – өзіндік бет-бейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табысты мемлекетпіз». Дегенмен де, еліміз нарықтық экономикаға, азаматтық және құқықтық қоғамға бет бұрғанымен, тіпті белгілі дәрежеде табысқа жетіп жатқанымызбен әлемдік бәсекелестікке төтеп беру оңай шаруа емес. Осы тұрғыдан келгенде ұлы мұрат пен елдік мүддені көздеген маңызды Жолдаудың қазақстандықтарды алыс болашаққа бастайтыны ақиқат. Түгел қамтитын экономикалық прагматизм саясаты негізінде бүгінгі таңдағы көзқарастар мен ұстанымдарды түбегейлі өзгертуіміз керек. Онда жаңа кадр саясаты, бюджет, салық, ақша-кредит саясатында Ұлттық Банк пен Үкімет жұмысының ең өзектілері болуға тиіс. Табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жобасын енгізу, шикізат тұтындағы технологияны өзгерту, Ұлттық қор арқылы үшінші индустриялық революцияның нәтижесінде пайда болтын секторларды ескере отырып, болашақтың экономикасын дамытуды ынталандыру, энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамыту Стратегиясын жасау керек. Отандық тауарлар бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Біз сонда ғана болашаққа нық сеніммен қарай аламыз, біз жаңаша дами түспекпіз. Және бұл үшін бізде ең бастысы елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық бар, Қазақстанның жарқын болашағына қызмет ететін жастарымыз бар.

Бесіншіден, еліміз әлеуметтік саяси жағынан кемелденіп, **экономикасы** өсіп, жылдан-жылға қуаты артып келеді. Ол онымен шектеліп қалмауы керек. Алдыда тұрған, жақында орындалуға тиіс міндеттердің басы ашық көрсетілуі, Қазақстанның үдемелі даму екпінін жоғалтпауға сілтеуі бұл Жолдаудың салмағын арттыра түседі. Осы орайда, 2013 жылы құрылатын «жасыл көпір» халықаралық ұйымы, Алматының маңында құрылатын төрт серіктес қалада Green4 жобасын іске асыруды бастау ұсынысы, ел дамуының «жасыл» жолына көшуіне Астанадағы ЭКСПО-2017 шындығында үлкен серпіліс берері рас. Жас мемлекетіміздің буындары бекіп, қабырғалары қатайып, өз алдына дербес, тұғырлы ел болуына қазақ халқының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Еліміздің алдында жаңа, өршіл мақсаттар тұр. Олардың ең бастысы – әлемдегі барынша дамыған мемлекеттердің қатарына кіру.

Алтыншыдан, елімізде жастар арасында жаңа Қазақстандық **патриотизмді** қалыптастыру Жолдаудың басты тапсырмаларының бірі. Миллиондаған отандастарымызды бір-біріне байлап тұрған, бөлінбес бір Отан, ұлтқа біріктіріп тұрған патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік. Сол үшін ұлтымызды ұйыстырып, бірлігімізді сақтап тұрған патриотизм біз үшін өте маңызды, басты мәселе. Бірақ патриотизм жасанды болмаған жағдайда ғана өз жемісін береді. Патриотизмнің объектісі, қайнар көзі Отан. Ал оның мазмұны табиғаты, оның байлықтары, жері, тарихы, тілі, т.б. Сондықтан біздегі патриотизмде ұлттық мазмұн болуы шарт. Бүгінгі күні патриотизм мәселесі жаһандану, интернационализация, мемлекетаралық, аймақтық және әлемдік ықпалдастық жағдайында жаңаша мәнге ие болуда. Шынайы патриотизмді интернационализм мен космополитизмге қарсы қоюға болмайды. Өз халқын басқа ұлттар мен этностарға қарсы қоюға бағытталған патриотизм шынайы емес, ол ұлтшылдыққа және шовинизмге ұласып кетуі оңай. Ал, ұлттық және ұлттық-мемлекеттік нигилизмге негізделген интернационализм мен космополитизм жалпыадамзаттық мүдделер мен құндылықтарға қайшы келеді. «Өз Отанына салқын адам бүкіл адамзатқа да опа бермейді» - деген кезінде орыстың ұлы ағартушысы Н.Г.Чернышевский. **Елдік мұрат жолындағы ұлы ерлік әрқашан аталарымыздың бойынан табылған.** Мысалыға, елімізде өмір сүріп жатқан өзге диаспоралар Абылайхан, Бөгенбай, Қабанбайды, Ахмет, Әлихан, Мұстафаны Отанын қорғаған батырлар ретінде тануы және өз қаһармандары ретінде қабылдаулары керек. Себебі өзге диаспоралар өмір сүріп жатқан Отан үшін құрбан болғандар, олардың да батырлары болып қабылдануы қалыпты жағдай. Өйткені оларға Отан болған жер үшін, өмір сүрулеріне жасалған жағдай үшін құрбан болғандарға құрмет көрсетуі азаматтық парызы.

Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана ол сіңімді әрі әсері мол болады. Бұл Отанның иесі қазақ деген халық кеше ғана пайда болған жоқ. Халқымыздың ғасырлардан бергі тарихы, қалыптасқан салт-санасы бар. Патриотизм сонымен үйлескенде ғана Қазақстан

жетістікке жетеді. Жастар шындығында ескі жүйе қирап жатқан кезде саяси әлеметтік экономикалық реформалар тұсында өскен жаңа ұрпақ. Олардың ең үлкені отыздан сәл асқан Тәуелсіздіктің бастапқы кезінде өз білімі мен дарынына қарамастан керексіз болып енді қалыптасқан мемлекет тұсында зор мүмкіндіктерді түсінуі тиіс. Ал тәуелсіздіктің құрдастары ХХІ ғасырдағы мемлекетіміздің болашағын анықтайтын ұрпақ. Ата-бабамыздың патриоттық даңқы ешқашан өлмейді. Біз тек ата-бабамыздан қан арқылы беріліп келе жатқан патриоттық рухымызды қайта оятып, асқақтата алсақ болғаны. Шын мәнінде әлем патриотизмді бізден үйренуі керек деп ойлаймыз. Оған сандаған мысалдар келтіруге болады. Елбасының сөзімен айтқанда «Бабалардың ерлігі, буынның ерен істері және жас ұрпақ жасампаздығы арасындағы сабақтастық болса ғана біз «Мәңгілік Ел боламыз». Осы жаңа Қазақстандық патриотизмнің негізінде осы стратегиялық мақсат ұлттық идеяға ұласуы тиіс. Бұл идея жүзінде қалып қоймай ақиқатқа да айналуы тиіс.

Жетіншіден, көңілге үлкен сенім ұялатқан, болашағы айқын барлық буын өкілдерінің басын біріктіретін, ұрпақтар сабақтастығына үндейтін тарихи мәні зор құжат. «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әраландылығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болсақта жинастыруымыз керек»- деді Елбасы. Осы тұрғыда этрустықтар өркениеті туралы еске түсіруге болады. Б.з.д I мыңжылдықта Орталық және Солтүстік Италияда олар римдіктерге дейін қала-мемлекеттері федерациясын құрып, сәулет өнерін дамытты. Этрустықтар рим цифрын жасады, латын әліпбиінің шығуына да осы этрустықтардың қосқан үлесі бар. Латын әліпбиінің Европаның басым бөлігі мен әлемнің көп елдерінде тарауына ықпал етті. Осы этрустықтардың ықпалымен әлем мәдениеті мен өркениетінің астанасына айналған Рим қаласы өмірге келді. Б.з.д II мыңжылдықтың орта шенінде Рим республикасы Жерорта теңізіндегі ең мықты мемлекетке айналып, эллиндік әлемнің мәдени орталығына айналады. Нәтижесінде Ежелгі Грециядағы эллиндік кезеңде Египетті Рим жұтып қойды. Сонықтанда біздер мынау бәсекелестік заманында соған төтеп бере алатындай этрустықтар сияқты ұлттық салт-дәстүріміздің негізінде мәдениеті дамыған ұлы елге айналуымыз керек. «Мен ХХІ ғасыр Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін. Бұл бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің ғасыры болады. Қазақстан халқы ұлы тарихтың иесі атануға лайық... Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істеріміз жаңа дәуірлерге жол ашсын!» деген Президентіміздің оптимистік рухтағы сөздері бәрімізге үлкен серпін берді. Сондықтанда бұл жолдаудағы Мәңгілік Ел болу идеясының орны мен ролі ерекше.

Мәңгілік Ел болу үшін оның іргетасы ұзақ уақыттан бері тыңғылықты қаланып, өлшенбес еңбек етілгендігін естен шығармауымыз керек. Осы тұста Елбасының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» - атты бағдарламалық мақаласы мен биылғы жылы 5 қыркүйекте тікелей эфирде Астанадағы Назарбаев Университетінің қабырғасында «Қазақстан білім қоғамы жолында» - деген тақырып бойынша өзінің интерактивті дәрісінде отандық білім беру мен ғылымның даму жолын тағы да бір саралап оның басты бағыттарын белгілеп берген қойылған талаптардың іске асуы да осы Жолдаудың аясында қаралуы тиіс. Ол «Мен 2050 жылғы Қазақстан- жалпыға ортақ еңбек қоғамы екеніне сенімдімін» - деуі бекер емес. Елбасы білім қоғамына жетудің ең тиімді жолы еңбектену, ащы тердің өзіндік құны, әсіресе, бәсеке ғасырында өте жоғары екенін жастарға барынша мұқият түсіндірді. Жастайынан қызыл оттың алдында құрыш қайнатып шыныққан адамның сөзі құрғақ ақыл емес екені белгілі.

Ұзақ мерзімге арналған көп нысаналы бұл құжат Үкіметтің осы уақытқа дейін сатылап іске асырып келе жатқан сондай-ақ болашақта іске асыратын экономиканың барлық салаларын қамтитын бағдарламаларына негіз болмақ. Мәңгілік Ел болудың жаңа межесін белгілеген бұл құжат келешегіміздің кемелдігіне көз жеткізгендей әрі түпкі төркіні де Қазақ елін дамыған үстіне дамыта түсіру, қарапайым халықтың әл-ауқатын мейлінше арттырып, жаңа дамыған қоғам құру екені мәлім.

Осы Жолдауды жүзеге асыруда қазақ халқына айырықша жауапкершілік жүктелді. Ежелден қазақта «көзі ашық, көкірегі ояу»- деген сөз тіркесі бар. Бүгінгі таңда бұл сөз тіркесі еш бөлінбестен қатар пайдаланылып келеді. Біздің ойымызша оны ретіне орай, бөлшектеп қарастыруға да болады. Оны солай етуге тиіспіз де. Себебі, басқаны айтпағанда зиялы деп жүрген ортаның өзінде көзі ашықтың көкірегі ояу болмауы, немесе көкірегі ояудың көзі ашық болмауы әбден мүмкін. Осы Жолдауда көтерілген кейбір принципті тұрғыда шатастыруды немесе қателесуді кешірмейтін мәселелер баршылық. Осы тұста біздер абай болайық ағайын.

ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ ӨТЕТІН УАҚЫТ КЕЛДІ

Омарова И.М. – Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

Омар Б.М. - Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ - нің оқытушысы, құқық магистрі

Айдарбеков А. - Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Заң факультетінің III-курс студенті

Резюме:

В этой статье рассматривается проблемы латинского буквы и его основы

Summary:

This article discusses the problems of Latin letters, and its foundations

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде, «Латын әліпбиін қарайтын кез келді. Бұл мәселені кезінде кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да, латын әліпбиі бүгін де телекоммуникациялық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан да, бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқ емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстарын жасауы тиіс. Біздің балаларымызды ағылшын тілінде оқытудың өзі латын әліпбиімен байланысты. Ал, біз қазір барлық мектептерде ағылшын тілін оқытамыз. Сондықтан мұнда тұрған қорқынышты ештеңе жоқ», - деген болатын. Араға біршама уақыт салып, бұл мәселе Елбасымыздың биылғы халыққа Жолдауында да қайта көтерілді. Яғни, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деген болатын [1.16]

Президенттің бұл бастамасы өте дұрыс деп ойлаймыз. Бүгінде мемлекетімізде латын әліпбиіне көшуге қажетті барлық алғы шарттар жасалған деп санауға болады. Өйткені, елімізде бір әліпбиден екінші әліпбиге көшудің бір емес, екі бірдей тәжірибесі бар. Мысалы, 1926 жылы Қазақстанда араб графикасынан латын әліпбиіне көшу 20 күннің ішінде жүзеге асырылды. Ал латын әліпбиінен бүгінгі кириллицаға көшу 1937 жылы басталып, ол 1940 жылы толық аяқталған болатын.

Елбасы латын әліпбиіне көшу мәселесіне өзі қолдау білдіріп отырғанда, ендігі арада бұл мәселені соза бермей жан-жақты сараптамадан өткізу қажет. Байтұрсынов атындағы тіл институты латын әліпбиіне көшудің жобасын әзірлеп те қойған. Бұл институт мамандары ең әуелі өз еліміздің тарихындағы әліпби реформасының сонымен қатар, өз тәуелсіздіктерін алғаннан кейін кириллицадан латынға көшкен Өзбекстан, Түрікменстан, Әзірбайжан және басқа да елдердің тәжірибелерін зерттеп және де осы реформаның бұлардағы оң тұстары мен жіберілген кемшіліктерінің бәрін де зерделеп, жинақтап отыр. Көрнекті қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері және ғалымдар латын әліпбиіне көшуді қолдап қана қоймай, олар мұны әлемдік өркениет жетістіктеріне алып баратын бірден-бір төте жол деп есептейді.

Бұл реформаның саяси салмағы да бар. Яғни латын әліпбиіне көшу арқылы Қазақстанның түрік әлемімен жақындасуы одан әрі арта түседі. Еліміздің мемлекеттік мәртебесіне зор ықпал етеді. Сонымен бірге шетелдерде тұратын қандастарымыз үшін өз атамекенімен қарым-қатынас жасауларын да жеңілдеті түсер еді. Латын қаріптері кеңінен таралғандықтан біз де оған өтсек шетелдегі қандастарымыз қолына түскендермен толық оқып таныса алады. Бұл әліпби біздің компьютер тіліне көшуімізге толық мүмкіндік береді. Латын әліпбиіне көшудің алғашқы кезеңінде оған едәуір қаржы жұмсалғанымен, кейін ол өзін-өзі ақтайтын болады. Үнем жасау жағынан экономикалық тиімділігін де әкеледі. Ақпарат және телекоммуникациялық саладағы қолжетімділік арта түседі. Бұл арада ең бастысы латын әліпбиі дегеніміз, ағылшын әліпбиінің негізі екендігін ескергеніміз абзал. Ал, ағылшын тілі болса, ол ең ірі халықаралық тіл болып саналады. Сондықтан да келесі оқу жылынан еліміздің барлық орта мектептерінің 1-ші сыныптарынан бастап, ағылшын тілі міндетті түрде оқытыла бастайды [2.16]

Латын әріпі әсіресе, сауда мен экономика саласында жұмыс істейтін қызметкерлерге жақын мәселе. Себебі, шетелден келетін күнделікті тұтыну тауарларынан бастап азық-түлік өнімдеріне дейін, соның ішінде бренд өнімдерінің барлығы дерлік атауы латын графикасымен жазылған. Біз күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде сағат сайын, сәт сайын осы мәселемен ұшырасамыз. Мысалы, Mercedes, Toyota, Land Cruiser деген атаулардың барлығын айна-қатесіз оқып, қиналмастан оның қандай маркалы автокөлік екендігін жазбай танимыз. Сонымен қатар, тұрмыстық техника құралдарын алатын болсақ LG, Samsung, Panasonic, Sony тағы басқаларының барлығының аты латын графикасымен жазылған. Бұл - әлемдік

стандарт атаулыларының барлығына латын графикасы тән екендігін, атаулардың барлығы латын әрібінде жасалғандығын көрсетеді. Күнделікті өмірімізді латын жазуынсыз елестету мүмкін емес. Кеңсе техникаларын, оның ішіне орнатылған компьютерлік бағдарламаларды алайық, барлығы латын графикасында жазылғандығын байқау еш қиын емес. Мұны бір деп қояйық. Екіншіден, латын графикасында әріп-таңбалар саны әлдеқайда аз, 26-мен шектеледі. Ал, қазір қазақ тілінде 42 әріп бар екендігін сіздер жақсы білесіздер. Қазақтың баласы 42 әріпті оқып жаттап үйренгенше, ағылшын немесе Еуропа жұртының балалары әріппен әріптің басын қосып дыбыс шығарып, дыбыстан буын құрап сөз жасап жатқандығына жер жүзі куә. Үшіншіден, аталған шара латын графикасына көшу емес, қайта оралу. Латын графикасы біздің тарихымызда болған. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары халқымыз осы жазу жүйесін пайдаланған. Біздің талай мәдени мұраларымыз осы латын графикасында жасалған және жазылған. Сондықтан көшу емес қайта оралу, тарихымызбен қайта табысу деп түсіну қажет [3.16]

Кез келген жағдайды екі жақты қарастырған жөн. Ел үшін, ұлт үшін маңызды мәселе болғандықтан халық санасында бір жақты пікір қалыптастырмау керек. Ең алдымен, латын қарпіне көшуді латын тіліне көшумен шатастырмаған дұрыс. Алайда, оның жазу жүйесі бүгінгі заманға ыңғайлы болып тұр. Жаңадану деп жар салған ХХІ ғасыр технологияның дамыған заманы. Дамыған елдердің көшінен қалмау үшін мемлекетіміз ақпараттық технологияны толық меңгеру қажет. Ал қазіргі технология тілі латын қарпіне негізделген. Демек, латын әліпбиі біз үшін қажет.

Қазіргі таңда бүкіл түркі жұртшылығы біртіндеп латын әліпбиіне көше бастады. Демек, бұған сұраныс бар деген сөз. Ал қазақ тілінің өзімізде мемлекеттік тіл ретінде әлі мойындалмай отырғандығының бір себебі – терминологиялық базасының әлсіздігі. Бұған қоса, бүгінгі қазақтардың басым бөлігі қазақ тіліне ғана тән кейбір әріптердің өзін дұрыс айта алмайды әрі оқи алмайды. Латыншада мұндай психологиялық кедергілер болмайды. Техника жағынан келетін болса, әсіресе, интернет жүйесіндегі қазақ тілінің қолданыс аясы өте тар. Осы тұрғыдан алғанда, ақпараттық технология саласында біз көп мемлекеттерден артта қалып келеміз. Сондықтан да латын әліпбиінің мүмкіндігі мол екенін мойындауымыз керек [4.16]

Қазақ жазуын латын графикасына көшіруге билік шешім қабылдады. Енді соған мына біз өзіміз дайын болуымыз керек. Қашаннан да қабілеті жоғары, жаңалыққа жаны құштар қазақ халқы мұны тез игеріп кетеді деген сенім мол. Солай дегенмен кезінде көрерміз деп жүріп алмай, біз өзімізді өзіміз бүгіннен әзірлеп барғанымыз жөн болар. Кезінде латын қарпімен сауатын ашқан көнекөз қариялардың сауаты бар. Олар бұған қиналмас. Мектептерде шет тілін оқығандардың негізгі дені осы графикамен білім алған. Олар да жатырқамай, тез-ақ іліп әкетер. Ал, бұл қаріптермен таныс емес топтың қазірден бастап оған көңіл бөле бастағаны артық болмас еді. Қай кезде де қолға алған іске өзіміз ынталы болғанда ғана нәтижелі болары сөзсіз. Сонымен қатар, бұл бір науқандық, немесе біреу жылдың ісі емес. Қолға алынғаннан кейін де біраз жылдар латын әліпбиімен кириллица қатар қолданыста болады. Асығыс емес, біртіндеп, жүйелі түрде жүргізілетін болғандықтан аса қиындығы бола қоймас. Дегенмен келешек латын қарпінің еншісінде екенін қаперіңізге ала жүргеніңіз жөн болар.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Латын әліпбиіне көшу Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде» Шәкір ЫБЫРАЕВ, ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті: «Егемен Қазақстан» газеті. Сәрсенбі, ақпан, 2013 ж. №536-537.
2. «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады». Шәкір ЫБЫРАЕВ, ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті: «Егемен Қазақстан» газеті. Сенбі, 15 қаңтар, 2013 ж. №428-429
3. «Латын әліпбиін биыл анықтап алу қажет» Ғарифолла ЕСІМ, сенатор: «Егемен Қазақстан» газеті. Бейсенбі, 25 наурыз, 2013 ж. №658-659

REASONS FOR PLANNING

Алпысова Ж.Е. - старший преподаватель кафедры английского языка КазНПУ им. Абая

Түйін:

Бұл мақала мұғалімдерің сабақтан жоспарлуға, жұмысына қажетті аспект ретінде мәлімдеме береді.

Резюме:

Данная статья дает информацию о необходимом аспекте в работе преподавателя – планирование урока

Some teachers with experience seem to have an ability to think on their feet, and this allows them to believe that lesson planning is unnecessary. However, most teachers do not share this view and prepare their lessons. The resulting lesson plans range from the very formal and elaborate to a few hurried notes. But even the notes are still a plan of a kind. For students, evidence of a plan shows that the teacher has devoted time to thinking about the class. It strongly suggests a level of professionalism and a commitment to the kind of research they might reasonably expect. Lack of a plan may suggest the opposite of these teacher attributes, even if such a perception is unjustified.

For teachers, a plan gives the lesson a framework, an overall shape. It is true that they may end up departing from it at some stage of the lesson, but at the very least it will be something to fall back on. Of course, good teachers are flexible and respond creatively to what happens in the classroom, but they also need to have thought ahead, to have a destination which they want their students to reach, and some idea of how they are going to get there. In the classroom, a plan helps to remind teachers what they intended to do – especially if they get distracted or momentarily forget what they have proposed.

There is one particular situation in which planning is especially important, and that is when a teacher is to be observed as part of an assessment or performance review. Such plans are likely to be more elaborate than usual, not just for the sake of the teacher being observed, but also so that the observer can have a clear idea of what the teacher intends in order to judge how well that intention is carried through. A proposal for action. Whatever lesson plans look like, they should never be thought of as instructions to be slavishly followed, but rather as proposals for action (in the same way as coursebook lessons). We may have an idea of what the learning outcomes for the lesson should be (that is, what the students will have learnt by the end), but we will only really know what those outcomes are once the lesson itself has finished. How closely lesson plans are followed depends, in other words, on what happens when we try to put them to work.

Suppose, for example, that the teacher has planned that the students should prepare a dialogue and then act it out, after which there is a reading text and some exercises for them to get through. The teacher has allowed twenty minutes for dialogue preparation and acting out. But when the students start working on this activity, it is obvious that they need more time. Clearly the plan will have to be modified. A similar decision will have to be made if the class suddenly encounters an unexpected language problem in the middle of some planned sequence of activities. The teacher can bypass the problem and keep going, or they can realise that now is an ideal time to deal with the issue, and amend the plan accordingly.

Another scenario is also possible: all the students are working on preparing a dialogue except for two pairs who have already finished. The teacher then has to decide whether to tell them to wait for the others to catch up (which might make them bored and resentful) or whether to stop the rest of the class to prevent this (which could frustrate all those who didn't get a chance to finish).

There are other unforeseen problems too: the tape/CD player or computer program suddenly doesn't work; we forget to bring the material we were relying on; the students look at the planned reading text and say 'We've done that before'.

Good teachers need to be flexible enough to cope with unforeseen events, and it is because they know that they may have to adapt to changing circumstances that they understand that a lesson plan is not fixed in stone.

So far we have suggested that teachers need to be flexible when confronted with unforeseen problems. But a happier scenario is also possible. Imagine that during a discussion phase a student suddenly says something really interesting, something which could provoke fascinating conversation or suggest a completely unplanned (but appropriate and enjoyable) activity such a situation - when this kind of magic moment suddenly presents itself - we would be foolish to plough on with our plan regardless. On the contrary, a good teacher will recognize the magic moment for what it is and adapt what they had planned to do accordingly. Magic moments are precious, in other words, and should not be wasted just because we didn't know they were going to happen.

There will always be a tension between what we had planned to do and what we actually do when magic moments or unforeseen problems present themselves. It is the mark of a good teacher to know when and how to deal with unplanned events, and how to balance a proposal for action with appropriate flexibility.

Lesson shapes

A good lesson needs to contain a judicious blend of coherence and variety. Coherence means that students can see a logical pattern to the lesson. Even if there are three separate activities, for example, there has to be some connection between them - or at the very least a perceptible reason for changing direction. In this context, it would not make sense to have students listen to an audio track, ask a few comprehension questions and then change the

activity completely to something totally unrelated to the listening. And if the following activity only lasted for five minutes before, again, something completely different was attempted, we might well want to call the lesson incoherent.

Nevertheless, the effect of having a class do a 45-minute, drill would be equally damaging. The lack of variety, coupled with the relentlessness of such a procedure, would militate against the possibility of real student engagement. However present it might be at the beginning of the session, it would be unlikely to be sustained. There has to be some variety in a lesson period.

The ideal compromise, then, is to plan a lesson that has an internal coherence but which nevertheless allows students to do different things as it progresses.

Planning

questions

Unless teachers walk towards a class with absolutely no idea about (or interest in) what is going to happen when they get there, they will have thought about what they are going to do. These thoughts maybe extremely detailed and formalised, or they may be vaguer and more informal. When we discuss plan formats on page 160, we will see differences between more and less formal thinking of this kind, but in every case teachers will be answering seven fundamental questions when they decide what activities to take to a lesson.

Who exactly are the students for this activity?

The make-up of the class will influence the way we plan. The students' age, level, cultural background and individual characteristics have to be taken into account when deciding what activities, texts or methodologies to use in the classroom. This includes an understanding of the kinds of individual differences in learning style.

What do we want to do and why?

We have to decide what we want to do in the lesson in terms of both activities, skills and language. We also need to know why we want to do it. It might be because we ourselves like the activity, or because we think it will be appropriate for a particular day or a particular group. There is nothing wrong with deciding to do an activity simply because we think it will make students feel good.

However, before deciding to use an activity just because we or the students might like it, we need to try to predict what it will achieve. What will students know, be able to do, understand or feel after the activity that they did not know, were not able to do, did not understand or feel before? What, in other words, is the learning outcome of the activity?

Examples of what an activity might achieve include giving students a greater understanding of an area of vocabulary, providing them with better listening strategies, teaching them how to construct conditional sentences, improving their oral fluency or raising the morale of the group through appropriate cooperative interaction.

How long will it take?

Some activities which, at first glance, look very imaginative end up lasting for only a very short time. Others demand considerable setting-up time, discussion time, student-planning time, etc. The students' confidence in the teacher can be undermined if they never finish what they set out to do; students are frequently irritated when teachers run on after the bell has gone because they haven't finished an activity. Teachers, for their part, are made uncomfortable if they have overestimated the amount of time something might take and are thus left with time on their hands and no clear idea what to do. There is no absolute way of preventing such problems from occurring, of course, but we should at least try to estimate how long each activity will take (based on our experience and knowledge of the class) so that we can measure our progress as the lesson continues against our proposed 'timetable'. We can also plan for our material taking too little time by having some spare activities with us. If we have built-in lesson stages in our plan, we can decide,

as the lesson progresses, where we might want to veer away from the plan if we see that we have taken too much time over one particular element of it.

What will be needed?

Teachers have to decide whether they are going to use the board, a CD or tape player, an overhead projector, a data projector, some role-cards or a computer (or computers). It is important to think about the *bestway* of doing something rather than automatically choosing the most technologically exciting option. It is also important to consider the physical environment of the classroom itself and how that might affect whatever teaching equipment we wish to use.

What might go wrong?

If teachers try to identify problems that might arise in the lesson, they are in a much better position to deal with them if and when they occur. This will also give the teacher insight into the language and/or the activity which is to be used. This isn't to say that we can predict everything that might happen. Nevertheless, thinking around our activities - trying to put ourselves in the students' minds, and gauging how they might react - will make us much

more aware of potential pitfalls than we might otherwise be.

How will it fit in with what comes before and after it?

An activity on its own may be useful and engaging and may generate plenty of good language. But what connection, if any, does it have with the activities which come before and after it? How does it fit into our need for the three ESA lesson elements? Is there a language tie-in to previous or future activities? Perhaps two or three activities are linked by topic, one leading into the other. Perhaps an activity has no connection with the one before it: it is there to break up the monotony of a lesson or to act as a 'gear change'. Perhaps we may decide to start our lesson with a short icebreaker (sometimes called a warmer) for no other reason than to get the students in a good mood for the lesson that is to follow. The point of answering this question for ourselves is to ensure that we have some reasonable vision of the overall shape of our lesson and that it is not composed of unrelated scraps.

Plan formats

When making plans, some teachers write down exactly what they are going to do and note down each sentence that the students are going to say. Others use note-form hints to themselves (e.g. 'T checks comprehension') or just write 'pairwork' or 'solowork' or 'whole class', for example, to describe how they are going to do something. Some teachers write down notes with ordered paragraph headings, whereas others produce flow diagrams or random notes. Some just write short headings like 'going to' or 'photograph activity' or 'Little Rock reading' to remind them what to do. And of course there are teachers who keep the whole plan in their heads. This maybe completely appropriate for them, of course, but won't help anyone else (observers, possible substitute teachers, etc) to know what they had in mind.

When teachers are observed - or when an institution asks for formal plans - the exact format of the plan may depend on the personal preferences of trainers, exam schemes or institutions (schools, colleges, etc). However, in some form or other, the following elements (which match the kinds of questions we asked in the previous section) are usually included:

Description of the students; this includes anything from a general picture of the group (its level, age range, atmosphere, etc) to detailed descriptions of individual students (what they find easy or difficult, how they respond to different activities, etc)

Aims and objectives: we generally say what we hope to achieve; the more specific we are, the easier it will be for us - and anyone observing - to see whether or not we have achieved those aims. Broad aims like 'have a good time' are bound to be less useful than 'sensitise students to uses of pitch and intonation to indicate enthusiasm (or lack of it)'. Most lessons will have a series of primary and secondary aims.

Procedures: the meat of the plan is in the description of how it will be executed. The section on procedures can include patterns of interaction. We might write T -> SS (for times when the teacher talks to the whole class), S -> S (for pairwork) or SSS -> SSS (for groupwork); or we could write 'groups', 'pairs', etc, or record these patterns in some other way.

Frequently we will include timings as well, so that we have some idea of how long we expect things to take. We will also include the actual procedures, such as 'students look through the pictures and match them with the phrases'.

Anticipated problems: teachers frequently make some kind of a list of potential difficulties - and suggestions about what to do if they arise. They might consider what they would do if a computer or other piece of equipment failed them - or if some other student-based eventuality occurred (such as the activity being a lot more difficult for the class than expected).

Extra activities/material (just in case): many teachers make a note of extra activities they could include if things go quicker than anticipated.

Material to be used in the lesson: especially when they are to be observed, teachers attach examples of the material they are to use with the students to their plan.

Planning lessons the actual form of a plan becomes important for teachers in training, especially when they are about to be observed. In such circumstances, the plan format is dictated by the training program and the trainers who teach it. The plan blank above, for example, shows one such institutional template. There are two elements in this template that we have not so far mentioned. Firstly, there is a column called Success indicators where the planner has to note down how they will be able to measure the success of what happens. This forces the planner to focus on exactly how both teacher and students will know if something has worked, in other words, if the learning outcomes have been met. There is also a final heading for *Homework/Further work* which will show the planner thinking ahead beyond the actual lesson to be taught. ...

The (first page of a) completed lesson plan on page 163 shows how a different plan blank (from a different

institution) might be filled in.

Other trainers and schools may have their own formats, of course, and they may look significantly different from the two templates shown here. A lot will depend on the priorities of the training course - and perhaps the teaching qualification which the trainees are working towards. There is no one correct format, in other words, although, of course, trainees will almost certainly have to conform to the format that is used on their particular training course.

To sum up: the purpose of a plan is to be as useful as possible to the people who are going to use it (whether they are the teachers themselves, their observers or an examination board). This, in the end, is what should guide the form in which teachers put their thoughts down on paper.

Planning a sequence of lessons

We have stressed the need for variety in classroom activities and teacher behaviour as an antidote to student (and teacher) boredom. This means, as we have seen, that when teachers plan a lesson, they build in changes in pace and a variety of different activities! The same principles also apply to a sequence of lessons stretching, for example, over two weeks or a month. Once again, students will want to see a coherent pattern of progress and topic-linking so that there is a transparent connection between lessons, and so that they can perceive some overall aims and objectives to their program of study. Most find this preferable to a series of 'one-off' lessons.

However, two dangers may prejudice the success of a sequence of lessons. The first is predictability; if students know exactly what to expect, they are likely to be less motivated than if their curiosity is aroused. The second is sameness; students may feel less enthusiastic about today's lesson if it starts with exactly the same kind of activity as yesterday's lesson. Once again, however, thinking about the three ESA learning elements will help us to avoid such problems. We recognise that there are many different ways of combining and sequencing the three elements, and that our choice of how they should be sequenced will often depend upon the task, the level and age of the students and what exactly we want them to achieve.

According to Tessa Woodward in her book on planning (see the reference on page 265), an ideal multi-lesson sequence has threads running through it. These might be topic threads, language threads (grammar, vocabulary, etc) or skill threads (reading, listening, etc). Over a period of lessons students should be able to see some interconnectivity, in other words, rather than a random collection of activities. The need for both coherence and variety is just as necessary in multi-lesson sequences as it is in single lessons.

7) CLT (*Communicative Language Teaching*): see Hedge, T (2000) *Teaching and Learning in the Language Classroom*, Oxford University Press, Chapter 2; and see PELT Chapters 3 and 4

8) TBL (*Task-Based Learning*): see Nunan, D (2004) *Task-Based Language Teaching*, Cambridge University Press; and Willis, J (1996) *A Framework for Task-Based Learning*, Longman.

9) *Personalisation: on personalizing language learning in general* see Griffiths, G and Keohane, K (2000) *Personalizing Language Learning*, Cambridge University Press.

After the lesson (and before the next)

In the lesson plan blank on page 161 there was a column labelled *Success indicators*, so that teachers could work out how to judge if a lesson (or part of a lesson) had been a success. Evaluation of how well things have gone (for both teacher and students) is vital if our lessons are to develop in response to our students' progress. In other words, we need to plan future lessons on the basis of what happened in previous classes. Not only that, but our decision about whether to use an activity more than once (or whether we need to change the way we use that activity) will depend on how successful it was the first time we tried it.

When we evaluate lessons or activities, we need to ask ourselves questions such as, was the activity successful? Did the students enjoy it? Did they learn anything from it? What *exactly* did they get from the activity? How could the activity be changed to make it more effective next time? Unless we ask ourselves such questions, we are in danger of continuing with activities and techniques that either do not work, or, at the very least, are not as successful as they might be with appropriate modification.

One kind of data which will help us evaluate lessons and activities is feedback from students. We might, for example, ask them simple questions such as, 'Did you like that exercise? Did you find it useful?' and see what they say. But not all students will discuss topics like this openly in class. It may be better to ask them to write their answers down and hand them in. A simple way of doing this is to ask students once every fortnight, for example, to write down two things they want more of and two things they want less of. The answers we get may prove a fruitful place to start a discussion, and we will then be able to modify what happens in class, if we think it appropriate, in the light of our students' feelings. Such modifications will greatly enhance our ability to manage the class.

We can also give students special evaluation forms where they have to rate different activities with a score, or

put them in some kind of order and then add comments about. what they thought.

We might ask students to submit comments by email. Another way of getting reactions to new techniques is to invite a colleague into the classroom and ask them to observe what happens and make suggestions afterwards. This kind of peer observation is most successful when both teachers discuss the content and practice of the lesson both before and after the observation. It is important that the colleague who comes into our classroom does so in order to offer constructive advice rather than to concentrate on our apparent failings. The lesson could also be videoed. This will allow us to watch the effect of what happened in the lesson with more objectivity than when we try to observe what is happening as it takes place.

Some teachers keep journals in which they record their thoughts about what happened as soon as possible after the lesson has finished. In that way they can read through their comments later and reflect on how they now feel about what happened.

Список литературы:

- 1) Harmer, J (2003) 'Do your students notice anything?' (*Modern English Teacher* 12/3).
- 2) The Lexical Approach: see Lewis, M (1993) *The Lexical Approach*, Language Teaching Publications; but see also Thornbury, S (1998) 'The Lexical Approach: a journey without maps?' (*Modern / English Teacher* 71 A).
- 3) Silent Way, Community Language Learning: these now somewhat outdated methods are 1 described in Richards, J and Rodgers, T (2001) *Approaches and Methods in Language Teaching* (2nd rev edn) Cambridge University Press.
- 4) Harold Palmer's book: Palmer, H (1921) *The Principles of Language Study*, World Book Company.
- 5) Grammar-translation: see Howatt, A (2004) *A History of English Language Teaching* (2nd edn) / Oxford University Press, pages 151-158.
- 6) Behaviourism, Audio-lingualism: see Howatt, A (2004) *A History of English Language Teaching* / (2nd edn) Oxford University Press, Section 2.
- 7) CLT (Communicative Language Teaching): see Hedge, T (2000) *Teaching and Learning in the * / Language Classroom*, Oxford University Press, Chapter 2; and see *PELT* Chapters 3 and 4.
- 8) TBL (Task-Based Learning): see Nunan, D (2004) *Task-Based Language Teaching*, Cambridge University Press; and Willis, J (1996) *A Framework for Task-Based Learning*, Longman.
- 9) Personalisation: on personalising language learning in general see Griffiths, G and Keohane, K / (2000) *Personalizing Language Learning*, Cambridge University Press.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ РЕФОРМАЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МАҢЫЗЫ

Омар Б.М. - Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы, құқық магистрі

Айдарбеков А. - Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің заң факультетінің III-курс студенті

Резюме:

В этой статье рассматриваются основы и период судебной системы Республики Казахстан

Summary:

This article discusses the legal basis and the period of the Republic of Kazakhstan

Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін жариялаған күннен бастап жүзеге асырыла бастаған саяси, әлеуметтік және құқықтық өзгерістер ұлттық құқықтық жүйенің, соның ішінде сот жүйесі мен сот ісін жүргізудің қалыптасуына жол ашты. Сол уақыттан бастап сот саласында мемлекеттік биліктің өз алдына дербес бір тармағы ретінде – сот жүйесі қалыптасты.

Тәуелсіздік жылдарында сот жүйесінің қалыптасуына жасалған талдау, оның қалыптасу серпіні

мемлекеттің құқықтық жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындайтын бағдарламалық құжаттардың қабылдануына байланысты болғанын көрсетеді. Әдетте мұндай құжаттарға мемлекеттік бағдарламалар, құқықтық саясат тұжырымдамалары жатады.

Қазақстанның өзін демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтыруы, сот жүйесінің түбірімен өзгеруінің негізгі алғышартының бірі болып табылды. Бұл кезеңдегі сот жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ретінде КСРО Конституциясы, сот құрылымы, судьялардың мәртебесі туралы заңдар танылды. Осы нормативтік-құқықтық актілер бойынша сот төрелігін жалпы юрисдикция соттары мен төрелік соттар атқарды.

Қоғам бір орында тұрмайды, ол әрдайым өсіп, дамып отырады. Сол қоғаммен бірге, қоғам ішіндегі органдар жүйесі де заман талабына сай әркез өзгеріп, дамиды. Соған байланысты, Қазақстанның сот жүйесі өз тәуелсіздігін алған жылдардан бері көптеген реформаларды жүзеге асырды. Сол реформалар сот жүйесінде орын алған қайшылықтарды жойып, одан әрі жетілдіруге бағытталды. Ендеше, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдан бергі сот жүйесінің дамуын мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең: Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясының қабылдануы. Ол сот билігінің ұйымдастырылуы мен қызметінің негізгі қағидаларын бекітіп берді. Осы Конституция бойынша Конституциялық сот, Жоғарғы Сот, Жоғары төрелік сот пен төменгі сатыдағы соттар сот төрелігі органдарына жатқызылды. Қандай да болмасын өзге органның немесе лауазымды тұлғаның сот билігі функцияларын өзіне алуға құқылы еместігі, соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен белгіленетіндігі, нақтылы істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру мәселелері жөнінде судьялардың есеп бермейтіндігі, судьяларға ешкімнің тиіспеуі және тағы басқа мәселелер атап көрсетілді. Негізінен 1993 жылғы Конституция құқықтық жүйенің қалыптасуына және қоғамда демократиялық үрдістердің дамуына маңызды ықпал етті. Конституцияның қағидаларын іске асыру мақсатында 1994 жылғы 12 ақпанда Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаның басты ұстанымы сот құрылысы мен сот ісін жүргізуді қайта құруға, материалдық және іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге негізделді. Онда жас мемлекеттің жаңа қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және халықаралық мәртебесіне анағұрлым толық сай келетін сот жүйесін одан әрі дамытудың басым бағыттары айқындалды. Сот ісін жүргізудің шын мәнінде жарыспалылығын орнықтыру, сотты дәлелдемелерді жинау міндетінен босату, сот қызметінен айыптаушылық белгілерін алып тастау, соттарды бір жүйеге біріктіре отырып, барынша мамандандыру көзделді. Халық заседательдері институтының таратылатыны, судьяларды конкурспен іріктеуге жол берілетіндігі белгіленді. Жоғарғы Сот бірыңғай сот жүйесіндегі жоғары сот сатысы деп танылды.

Екінші кезең: 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің қажетті кепілдіктерінің болуын қарастырды. Төрелік соттар жүйесі таратылып, олардың функциялары жалпы юрисдикция соттарына берілді. Бұл Конституцияның қабылдануы қоғамды әрі қарай демократияландырудың шынайы қажеттілігі, тәуелсіз Қазақстанның конституциялық дамуының жаңа кезеңінің бастауы болды. Осы уақыт аралығында Елбасының тікелей қолдауымен жүргізілген сот реформасы жаңа кезеңдерді басынан өткерді. Конституциямыз бойынша еліміз – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып жарияланды. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтары өз құзыреттерін орындау кезінде тығыз байланыста болады. Бірақ, бұл қарым-қатынас заң негізінде жүзеге асады. Қазақстан Республикасы Конституцияның 76-бабында: «Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Соттар шешімдерінің үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады» – делінген [1, 16]

1995 жылы 25 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы” №2694 Конституциялық заң күші бар Жарлығы соттар қызметінің негізгі қағидаларын, соның ішінде судьялардың құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін айқындап берді. Бұл Жарлық еліміздегі сот жүйесін реформалау мәселесіндегі көп жылғы пікірталастың қорытындысы іспеттес болды. Онда: судьяны құрметтегені үшін жауапкершілік енгізу, судьяларға ешкімнің тиіспеуі, судьялардың өкілеттіктерін тоқтата тұрудың және тоқтатудың негіздерін орнықтыру, судьяның тәртіптік жауапкершілікке тартылу жағдайларынан басқа кезде мәні бойынша

каралған немесе өндірісінде тұрған істер бойынша қандай да бір түсініктеме беруге міндетті еместігі, судьяға соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге тыйым салу қарастырылды. Судьялардың заң жүзінде осындай мәртебеге ие болуы олардың тәуелсіздігін нығайтып, беделін бекітті. Азаматтардың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктер мен лауазымды тұлғалардың заңға қайшы шешімдері мен іс-әрекеттерін сотта даулауға бет бұруы – сотқа деген сенімнің өсуін көрсетті. Жергілікті сот судьяларын ел Президентінің тағайындауы, Жоғарғы Соттың судьяларын Парламент Сенатының сайлауы енгізілді. Тарихта алғаш рет судьялар тұрақты мерзімге тағайындалды, бұл олардың тәуелсіздігінің кепілдігін анағұрлым күшейтті. Сонымен қатар, әділетті де бұлжымас сот шешімдерін шығаратын білікті, тәуелсіз судьялар корпусын қалыптастыру тетігі жасалды.

Сот жүйесінің одан әрі дамуы 2000 жылғы 25 желтоқсанда “Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы” Конституциялық заңның қабылдануына орай жаңа қарқын алды. Конституциялық заң сот-құқықтық реформасының кезекті кезеңіне жол ашты. Заңда республикадағы сот құрылымының принципті жаңа нормалары, соттардың қызметін ұйымдастыру тәртіптері белгіленді. Атап айтқанда, Жоғарғы Соттың шаруашылық және азаматтық істер жөніндегі алқалары біріктіріліп, әскери алқасы таратылды, мұның өзі іс жүргізу заңнамасында қарастырылғандай, сот ісін жүргізуді белгілі бір ізге түсіруге мүмкіндік берді. Судьялардың тек сот төрелігін жүзеге асыруын, сотқа тән емес қызметтермен соттардың айналыспауын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы” 2000 жылғы 12 қазандағы Жарлығымен Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет (бұдан әрі – Комитет) құрылып, соттардың қызметін және атқарушылық іс жүргізуді қамтамасыз ету функциялары Әділет министрлігінен алынып, осы Комитетке берілді. Комитет пен облыстардағы соттар әкімшілері ұйымдық, қаржылық және материалдық-техникалық функцияларды орындай отырып, жергілікті соттардың жергілікті атқарушы билік органдарынан тәуелсіздігін қамтамасыз етті.

Үшінші кезең: 2002 жылы сот жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған мемлекеттік Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылдануы еді. Тұжырымдамада сот жүйесін жетілдірудің, судьялардың тәуелсіздігін нығайтудың негізгі критерийлері тағы да айқындалды. Сот жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында экономикалық, әкімшілік, ювеналдық (кәмелетке толмағандар ісі бойынша) және басқа да арнаулы соттар институтын дамыту мәселесін қарастыру, сондай-ақ азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама әдістерін, мысалы, аралық соттардың қызметін заңмен реттеу, оларды халықаралық стандарттарға жақындата отырып, қарастыру көзделді. Аталған тұжырымдамаға сәйкес, Президенттің Жарлықтарымен мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар, Алматы қаласында мамандандырылған қаржылық сот және Астана және Алматы қалаларында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды. Жалпы алғанда, соттарды мамандандыру азаматтардың құқықтарын қорғау шегін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Сот жүйесіндегі құрылымдық өзгерістерге орай, сот ісін жүргізудің де заңнамалық тұғыры жасалды. 2006 жылғы 16 қаңтарда “Алқабилер туралы” және “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” заңдар қабылданып, аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық істерді қарауға алқабилердің қатысуы қарастырылды. Сонымен қатар, азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешудің баламалы әдістерін енгізу мақсатында 2004 жылғы 28 желтоқсанда “Аралық соттар туралы” және “Халықаралық коммерциялық төрелік туралы” заңдар қабылданды. Бұл заңдар дауларды соттан тыс шешу тәртібін қарастырады.

Төртінші кезең: 2007 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер енгізудің нәтижесінде Қазақстанның сот жүйесі азаматтардың құқықтарын қорғаудың қуатты тетігіне, соның ішінде қамауға алуға соттың санкция беру құқығына ие болды. Сот жүйесінің жұмысын және сот төрелігін іске асыруды реттейтін жаңа заңдар топтамасы қабылданды. “Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер енгізіліп, қамауға алуды санкциялауды соттың ерекше құзырына беру қарастырылды. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, өлім жазасын қолдану аясы қысқартылып, ол тек адамдардың қаза болуына ұштасқан террорлық қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар үшін қолданылатын болып шектелді. Анықтау мен алдын ала тергеудің сот пен прокуратурадан бөлінуін қарастыратын конституциялық норманың алынып тасталуы тергеу іс-әрекеттерін және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтін жедел — із-

дестіру шараларын санкциялауды соттардың құзыретіне беру жолымен қылмыстық іс жүргізудің сотқа дейінгі сатысында сот бақылауының шегін кеңейтуге мүмкіндік берді [2, 16].

“Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы” Конституциялық заңға 2008 жылғы 17 қарашада өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі республиканың сот жүйесі үшін маңызды оқиға болды. Осы заң сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесінің негізін қалады. Сонымен қатар, 2009 жылғы 10 желтоқсанда “Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заң қабылданып, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесі іске қосылды. Осы заңға сәйкес, аудандық сот – бірінші сатыдағы сот, облыстық сот – апелляциялық және кассациялық сатыдағы сот, Жоғарғы Сот – тек қадағалау сатысының соты ретінде жұмыс істей бастады. Міне, осылайша, жаңа тұрпатты сот жүйесін құру жөніндегі міндет бүгінгі таңда өз шешімін тауып, сот органдары елімізде заңдылық пен тәртіпті нығайту бағытында ауқымды жұмыстарды жүзеге асыруда.

Құқықтық саясат тұжырымдамасының 2020 жылға дейінгі кезеңге арналып белгіленген қағидаттарын жүзеге асыру – елімізде сот жүйесін одан әрі дамыту деңгейін жаңа сатыға көтеруге және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сенімді қорғалуына кепілдік береді.

Ата Заңымыздың негізінде «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары және «Алқабилер туралы», «Медиация туралы», тағы басқа да заңдар қабылданды. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың 1 шілдесінде «Сот төрелігіне сенімділік деңгейіне жоғарылату және қолжетімділікті қамтамасыз ету, істерді апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібінде қарау мәселелерін жетілдіру бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы күшіне енді. Толықтыруларға сәйкес жергілікті соттардың рөлі едәуір күшейтілді. Іске қосылған жаңашылдықтар аясында облыстық және оған теңестірілген соттарда қылмыстық істер бойынша апелляциялық сот алқалары, азаматтық және әкімшілік істер бойынша апелляциялық сот алқалары құрылды. Апелляциялық сатыға қаралуға түскен істер бірінші сатылы сотқа қайтарылмай, іс бойынша түпкілікті шешім қабылданатын болды. Сот актілеріне шағым беру тәртібі нақты реттеліп, сот актілерінің заңды күшіне ену мерзімдері қысқартылды. Енгізілген өзгертулерге сәйкес бұдан былай апелляциялық сот сатысындағы сот актілері жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Апелляциялық сатының қаулылары күшіне енгеннен кейін алты ай ішінде кассациялық арыз немесе шағым беруге болады. Жоғарғы Сотқа жүгінбес бұрын кассациялық сатыға арыздану міндетті шарт болып табылады. Заңды күшіне енген, бірақ кассациялық тәртіпте қаралмаған жергілікті соттардың актілері, қадағалау тәртібімен тексерілуге жатпайды. Бұның барлығы сот ісін оңтайландыруға, сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз етуге, адам және азаматтың құқын, бостандығын және заңды мүдделерін сотпен қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған [3, 16]

Тәуелсіз, күшті және әділ сот билігі – құқықтық мемлекеттің демократиялық дамуы мен зиялылық дәрежесінің көрсеткіші болып табылады. Сот әділдігін жүзеге асыру үшін біз әлі де қыруар жұмыстар атқаруымыз керек және сол еңбектің нәтижесінде, тұтастай алғанда, сот жүйесінің беделін көтеруіміз қажет. Әрине, сот жүйесінің беделі, ең әуелі, судьялардың әділ төрелігімен жасалуы тиіс. Елбасымыздың өзі Ата Заңымыздың әлеуеті әлі де болса толығымен жүзеге аспай келе жатқандығын айтқан болатын.

Мемлекеттік биліктің үш тармағының бірі – сот билігіне қатысты болған өзгерістердің бірі, ол 2011 жылғы 5 тамызда заңды күшіне енген «Медиация туралы» Заңның қабылдануы еді. Медиация тараптардың ерікті келісім бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиаторлардың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Медиацияны, қарапайым тілмен айтқанда, бітімгершілік деп түсінуге болады. Яғни, қандай да бір мәселе бойынша тараптар арасында келіспеушілік туған жеке азаматтар немесе заңды тұлғалар оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шеше алады. Екі арадағы келісім медиаторлар арқылы жүзеге асырылады. Аудан, қала, ауыл әкімдері республика аумағында кәсіби емес негізде медиацияны жүзеге асыратын кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді. Медиацияның мақсаты: дауды бітімгершілікпен шешудің екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу. Медиацияны жүргізу кезінде еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы және медиация тараптарының тең құқылығы мен оның рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидаттары сақталуы тиіс. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Біздің ата-бабаларымыз бұрын бұл тәсілді тиімді қолданып, түрлі дауды билер соты арқылы бітімгершілікпен шешіп келгендіктен, бұл Заң қазаққа жат емес. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қаты-

настарынан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талқылауы басталғаннан кейін де қолданылуы мүмкін [3, 16]

Елбасының Қазақстан халқына арналған 2012 жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында судьялар корпусын құру тәртібін түбегейлі қайта қарау тапсырмасы қойылған болатын. Осы жұмыстың аясында Судьялардың Жоғарғы Кеңесі мен Жоғарғы Соттың судьяларды іріктеу жүйесін жетілдіру, олардың жауаптылығы мен біліктілігін арттыру бойынша енгізген ұсыныстары Елбасы тарапынан қолдау тапты. Соның арқасында бүгінгі күні сот саласында көптеген оңды өзгерістерге қол жеткізілуде. Республиканың сот жүйесі бүгінгі күні құқықтық мемлекеттің стандартына сай келетін шынайы тәуелсіздігіне қарай қарқынды қадам басуда. Сот жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер баршаның сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғалардың өз құқықтарын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашып, азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты халыққа Жолдауында былай деген болатын: «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізген жағдайда мұны істеу қиын емес. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет. Сот билігінің беделі орындалмаған сот шешімдерінен төмендейді. Осыған байланысты, бұл жағдайды түбегейлі өзгерту жөніндегі шаралар қабылдануға тиіс» [4, 16]

Сонымен қатар, «Жоғарғы Соттан бастап, бүкіл сот жүйесіне өздерінің жауапкершілігі мен біліктілігін арттыру, сөйтіп, өз жұмысын жетілдіруді өздері бастау талабы қойылады. Судьялардың заңды бұзуы жұрттың бәріне жария ететіндей төтенше оқиға болуға тиіс», деп көрсетілуі өте орынды. Өйткені, білімін күнделікті арттырып отырмаған судья ұлы көшке ілесе алмауы бесенеден белгілі [5, 16]

Қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстанның сот жүйесі халықаралық құқықтық мемлекеттердің стандартына сай даму үстінде. Сот саласындағы өзгерістер де азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдағы заңдылықтарды сақтау мақсатында жүргізіліп жатқаны бәрімізге белгілі. Сонымен қорыта келе – еліміздегі сот жүйесі дамып, келелі өзгерістермен толықтырылып, Ата Заңымыздың аясында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін мемлекетімізде барлық мүмкіндіктер жасалып жатқанын толық сеніммен айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 30.08.1995 жылғы Конституциясы (Қазақстан Республикасы Парламентінің 1996 ж., №4,217-құжат), Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазандағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Парламентінің 1998 ж., №20,245-құжат), Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Парламентінің 2007 ж., №10, 68-құжат). –Астана: «Елорда» баспасы, 2009. – 42 б.
2. Халиков К.Х. Выступление на конференции «Обеспечение судебной власти в деятельности районного суда: современное состояние и некоторые направления совершенствования»//Тураби. – 2004. – №2. – с.8-17.
3. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на IV съезде судей Республики Казахстан (г. Астана, 3 июня 2005 года)//Зангер. – 2005. – №6. – С.3-7.
4. Комментарий Государственно-правового отдела Администрации Президента Республики Казахстан к Указу Президента РК «О мерах по усилению независимости судебной системы в Республике Казахстан»//Казахстанская правда. – 2000, 2 сентября.

